



6 желтоқсан, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

2 «Байтақ» жасылдар партиясы тіркеуден өтті

4 Тасқа қашалған тарих сыры

5 Дұрыс инвестициялар: сізге қалай қосымша табыс табуға болады?

6 Әженің әлділігі болмаса...

ПРЕЗИДЕНТ



ГРЕКИЯНЫҢ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға ресми сапармен келген Грекияның Сыртқы істер министрі Николаос Дендиасы қабылдады.

Кездесу барысында сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға баса мән беріліп, Қазақстан мен Грекия арасындағы ынтымақтастықты дамыту перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы Грекияның Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер арасында маңызды серіктес елдердің бірі екенін атап өтті. Сондай-ақ екі ел көпжақты алаңдарда өзара тығыз қарым-қатынас жасап келе жатқанын жеткізді.

Грекиямен арадағы байланыстар біз үшін басымдық саналатынын тағы да атап өткім келеді. Біз өзара ынтымақтастық көрсеткіштерін жаңа деңгейге көтеру үшін қолдан келгенін

бәрін жасаймыз, – деді Президент.


Өз кезегінде Николаос Дендиас екіжақты және көпжақты ынтымақтастық мәселелері жөнінде пікір алмасуға мүмкіндік бергені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Біз Қазақстанды өңірдегі тұрақтылыққа кепіл болатын Орталық Азиядағы ең ірі және басымдыққа ие ел ретінде қарастыратынымызды атап өткім келеді. Грекия Сіздің еліңізбен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайын, – деді министр.

Сонымен қатар олар әңгімелесу барысында халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.



ДАМУҒА ДІҢГЕК КАДРЛАР ҰСТАХАНАСЫ



ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Сыр еліне жұмыс сапарымен келіп, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдық мерейтойына арналған кездесулерге қатысты.

Министр әуелі №5 оқу ғимаратында университеттің ғылыми-инновациялық жетістіктерімен танысып, профессор-оқытушылармен кездесті. Жиында аймақ басшысы 85 жылдық тарихы бар оқу орны еліміздің сұранысына сай кәсіби мамандар даярлайтын бірегей білім ордасы екенін жеткізді.

– Бүгінде өңіріміздің маңдайалды университеті еліміз үшін сұранысқа сай мамандардың мыңдаған легін даярлап, ұлттық кадрлар қалыптастыруда. Білім ордасының түлектері егемен еліміздің түкпір-түкпірінде сан салалы қызметте абыройлы еңбек етуде. Олардың арасында мемлекет және қоғам қайраткерлері, ҚР Парламентінің депутаттары, Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, ғалымдар, өнер және мәдениет мейрамдары, ғылым мен спорт сандақтары, ірі бизнес өкілдері бар. Жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында археологиялық және аграрлық сала жобалары қолдау тауып келеді. Келешекте бюджет есебінен қаржыландырылатын экономика салалары бойынша мамандық санын көбейтуді жоспарлап отырмыз. Аграрлық аймақтан өндірісті өңірге айналған Сыр елінің игі мақсаттарды жүзеге асырып, өсу жолында университет инновациялық дамудың драйверіне айналуы қажет, – деді облыс әкімі.

Мұнда білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосқан профессор-оқытушылар мен қызметкерлер мара-

патталды. Онан кейін министр «Жоғары білімге қолжетімділікті кеңейту: болашағы мен мүмкіндіктері», «Өңірлік университеттер – 2032: адами капитал және ғылым» атты форсайт-сессияларға қатысты. Еліміздегі білім беру саласын, өңірдегі инновациялық жобалар мен технологияларды дамыту мақсатында өткен қос сессияда жаңа идеялар мен ұсыныстар айтылды. Әуелгісінде 2050 жылға қарай халық санының артатындығы, жоғары білім беру саласындағы мүмкіндіктерді арттыру жолдары талқыланды.

– Бүгінгі жиында жоғары оқу орындарының ең өзекті мәселелері талқыланып, халықаралық ынтымақтастықты дамыту тұрғысында жаңа идеялар айтылды. Форсайт-сессияның ұйымдастырылуы әртүрлі университеттен жиылған профессор-оқытушылардың тәжірибе алмасуына үлкен мүмкіндік берді. Айта кету керек, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессор-оқытушыларымен бірлесіп, 7 жылдан бері ғылыми зерттеулермен айналысып келемін, – деді Қажы Байрам Вели университетінің профессоры Хулия Касапоглу.

Жиында қатысушылар алты топқа бөлініп, білім беру саласына қатысты негізгі мәселелерді шешу жолдарын ұсынды. Ал екінші форсайт-сессияда университеттерде жиі кездесетін мәселелер кеңінен қозғалды.

Ұлттық Банк базалық мөлшерлемесін тағы да көтерді. Ресми парақшасына сүйенсек, оны жылдық кестеге сәйкес 16,75%-ға дейін көтеру туралы шешім қабылдаған. Баспасөз хабарламасында бұл шешім болжамдар мен нақты деректердің талдауына негізделгенін айтқан.

Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

ИНФЛЯЦИЯ ИІЛМЕЙІН ДЕП ТҰР

Оған геосаяси жағдайдың белгісіздігі мен салдары, сондай-ақ әлемде азық-түліктің жоғары бағалары сақталып отырған сыртқы ортаның факторлары әсер еткен. Ішкі экономика тарапынан инфляциялық күтудің барынша тарихи жоғары деңгейде болуы, сұраныс пен ұсыныстың теңгерімді болмауы, сондай-ақ импорттың жедел өсуі кезінде сауданың қайта құрылуы да байқалғанын айтады.

3-бет



ДЕНСАУЛЫҚ

ДӘРІ-ДӘРМЕК НАРЫҒЫНДА НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Кешкілік жұмыстан соң дәріханаға соқтым. Кішігірім кезек екен, мен де тұра қалдым. Дәрі алып тұрған апаның ақшасы жетпей қалды-ау, «жан даусы» шықты. «Бұрын мың теңгеге осы дәрілерді алушы ем ғой, ақшаныз жетпейді дегенің не? Алып тұрғаным өзімізден шығатын арзан дәрілер тағы», – деді әлгі ана. Сатушы да саспады, әсілі, мұндайға үйренген болуы кеерк, әрқайсының бағасын жеке-жеке айтып, санамалап берді. Сонда ғана санасына бірдене жетті-ау әлгі кісінің, бірақ танғалысы барібір жасыра алмады. «Не дейді? «Мукалтин» 235 теңге болған ба? Ойбуй, енді қайттым, үйдегі балалардың бәрі күркілдеп, жөтеліп жүр. «Антигриппинің» де осы бағаға жуықтапты. Бұл не маскара? Ай бірақ, қымбаттамаған не қалды қазір өзі?» деді өзін-өзі жұбатқан сынайда. Кезекте тұрғандар да қосыла кетті. «Қымбаттаса да, табылғанына қуанайық. «Парацетамол» таппай қаңғалақтап қалған да кезіміз болды ғой кешегі індетте» деді тағы бір кісі.

3-бет

БАСПАСӨЗ – 2023

Құрметті оқырман!

2023 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде. Қапы қалмаңыз!

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге.
Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.

ЖЕРГІЛІКТІ 100 ТОННА КАРТОП ТҰРАҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА

Аймақта әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру үшін биыл облыстық бюджеттен 3 млрд 300 млн теңге бөлінген. Бұл орайда «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының тиімді жобалары бойынша бірқатар жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асты.

Сондай-ақ, жыл басынан бері тұрақтандыру қорына 11 мың 218 тоннадан астам азық-түлік тауарлары сатып алынған. Сондай-ақ, аталған корпорация жергілікті тауар өндірушілердің де өнімдерін сатып ала отырып, баға тұрақтандырумен қатар халықты өз өнімімізбен қамтамасыз етуді жолға қоюда. Оның бір айғағы

– қор жергілікті «Ер-Әлі» шаруа қожалығынан 100 тонна картоп алуға шарт жасасты.

– Жергілікті кәсіпкерлердің өнімін халыққа ұсыну – ішкі нарықтағы айналым әлеуетін көтереді, сыр-бойылықтардың өз өнімін тұтынуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде шаруаларға өнімді өзге облыстарға жібермей, сыртқа экспорттамай өңірде қалдыруда тиімді болмақ. Қазіргі таңда 100 тонна картопты «Ер-Әлі» шаруа қожалығынан сатып алуға келісім-шарт жасалды. 35,12 тоннасы қоймаға жеткізілді. Айта кетейік, бүгінгі таңда тұрақтандыру қорында 310,2 млн теңге шамасындағы барлығы 1218 тоннадан астам кант, қарақұмық жармасы, өсімдік майы, күріш, картоп, бірінші сортты ұн, т.б өнімдер қоры сақтаулы. Қытымыр



қыста халық қажетті басты өнімдерді әлеуметтік дүкендерден алуына мүмкіндік бар, – дейді «Байқоңыр» ӘКК АҚ басқарма төрағасы Самат Нұрахметұлы.

Айта кетейік, әлеуметтік дүкендер мен сауда орындарындағы өнімдердің бағасына күн сайын мониторинг жүргізу мақсатында қоғам тарапынан бекітілген жауапты қызметкерлер тұрақты бақылау жүргізеді. Бүгінгі күні барлық әлеуметтік дүкендерде 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауары белгіленген бағада сөрде тұр. Бұл ретте тауарларды көтерме сатып алу және қайта сату фактілеріне жол бермеу сынды мәселелер ұдайы пысықталып отыр. Мысалы, бір сатып алушыға нан 3 бөлке, кант 1, картоп 3, сәбіз 2 келіден беріледі.

«СБ» ақпарат



ДАМУҒА ДІҢГЕК КАДРЛАР ҰСТАХАНАСЫ



– Форсайт-сессияда профессор-оқытушылардың консерватизмі, үздік ғалымдардың сыртқа кетуі, өңірдегі кадрлардың «картаюы», материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі, аймақтағы халық санының динамикасы, экологиялық жағдайлар туралы айтылды. Сондай-ақ, қатысушылар профессор-оқытушылардың шет тілін меңгеруі, гранттық жобаларға қаржының аз бөлінуі, халықаралық қатынастарды кеңейту мәселелерін шешудің тиімді жолдарын ұсынды. Біз университеттердің әр бес жыл сайынғы, яғни, 2027, 2032 жылдарға дейінгі даму мүмкіндіктерін қарастырдық, – деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма мүшесі – ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі ректоры Майнұр Бөрібаева.

Жиында ЖОО-ның басшылары, проректорлары, профессор-оқытушылар мен жас зерттеушілер өзара тәжірибе алмасып, жана идеяларды ортаға салды. Басқосу барысында министр жоғары оқу орындарында маман даярлау ерекшеліктерімен бөлісіп қана қоймай, болашақта өңірлік университеттерді қолдау аясы кеңейіп, ғылыми мүмкіндіктерді дамыту мәселелерін қозғады.

Мұнан соң министр «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхана жұмысымен танысып, жас ғалымдармен пікірлесті. Қазір зертханада күріш саба-ныңнан қағаз әзірлеу және биотыңайтқыш алу, мұнай қалдықтарын тиімді пайдалану мақсатындағы зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Зертхана қызметкерлерімен пікір алмасу барысында отандық жас ғалымдардың жетістіктері туралы әңгіме өрбіді. Ал министр ғылымға бетбұрыс жасаған жастарға ордайым қолдау жасағанын жеткізді.

– Біздің жас ғалымдар ел үшін өте қажет әзірлемелерді дайындауда. Олардың жұмысының тиімділігі мемлекеттің тұрақты даму ресурсы ғана емес, сонымен бірге адамзаттың өмір сүру мәселесі болып табылады. Менің ойымша, мұны коронавирус инфекциясына қарсы бүкіләлемдік «вакцина жарысы» айқын көрсетті. Оның әзірленуіне жас ғалымдар да қатысты. Жас ғалымдарымыз күрделі сынықтарды қалпына келтіруді жеделдетудің бірегей гидрогельді, кант диабетін емдеуге арналған жасушалардың бірегей желісін әзірледі. Жан-жақты қолдау мен барлық қабылданған шаралардың арқасында жас ғалымдардың үлесі 2025 жылға қарай кемінде 50%-ға жететініне сенімдімін, – деп атап өтті министр.

Әрі қарай министр облыс тұрғындарымен кездесті. Халыппен кездесу барысында ол Ғылым және жоғары білім министрлігінің бастамаларына қатысты қазақстандықтардың

пікірлерін білудің маңыздылығын атап өтті.

– Өздеріңіз білетіндей, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлерді дамытуға басымдық беруде. Экономикалық және инвестициялық саясатта өңірлерге баса көңіл бөлініп жатқанын көріп отырмыз және жоғары білім беру жүйесі осы трендтермен үндесуі тиіс. Өйткені күшті университет – бұл жергілікті экономика мен индустрияның дамуын қалыптастыратын мықты кадрлар ұстаханасы, – деді Саясат Нұрбек.

Осы ретте ол жоғары білім мен ғылымды дамыту үшін министрлік қабылдап жатқан шаралармен бөлісті.

– Біздің бірінші бағыт – кадрларды даярлау жүйесін жергілікті қажеттіліктермен сәйкестендіру екенін атап өткім келеді. Мұнда оны іске асырудың нақты құралы – Мамандықтардың өңірлік атластарын әзірлеу. Екінші басым бағыт – университет ғылымын дамыту. Студенттерімізді жан-жақты әлеуметтік қолдау мақсатында гранттар санын көбейту, сараланған грантты енгізу, жеңілдетілген білім беру

әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын, өңірге қажетті мамандықтар бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан студенттерге облыс әкімінің 360 гранты тағайындалды. Бөлінген гранттардың 216-сы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне берілді.

ҚАСИЕТ ҚҰНДАҚТАҒАН ҚАРАШАҢЫРАҚ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдығына орай ұйымдастырылған іс-шара «Ұлттық руханияттың ұлы ордасы» атты салтанатты жиынға жалғасты. Оған ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, еліміздің жоғары оқу орындары басшылары, қоғам қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Салтанатты шарада министр Қорқыт ата атындағы

рекорд 1987 жылы болған. Ол кезде 447 мың бала дүниеге келген екен. Бұл – қуантатын нәрсе. Бірақ білім саласына үлкен ауыртпалық түседі. Қазіргі таңда 620 мыңға жуық студентіміз болса, алдағы жеті жылда олардың саны 1 миллионға жуықтайды. Осыған біз дайын болуымыз керек. Оның үстіне, миграциялық толқын келе жатыр. Университет өзінің инфрақұрылымымен қатар, цифрлық технологияны дамытуы керек. Тек жаңа корпус салып, инфрақұрылымды кеңейту жеткіліксіз. Сондықтан министрлік тарапынан цифрлық университет моделі пысықталуда. Алдағы жылы Қорқыт ата атындағы университетте Сеул технологиялық университетінің филиалы ашылады, – деді Саясат Нұрбек.

Министр ғылыми-зерттеу моделіне көшуінің маңызына тоқталды. Өкінішке қарай, еліміздегі университеттердің 90 пайызы – оқытушы университеттер, яғни, педагогикалық білім берумен шектеледі. Зерттеу жұмыстары, докторантура бағдарламалары өте аз. Сондықтан келер жылдан бастап магистратура, PhD докторантура бойынша грант құны өседі. Сондай-ақ, магистратура саны 1,5 есе көбейтіледі. Жастардың магистратура мен докторантурада қалып, ғылыммен айналысуына мүмкіндік беріледі. Быылдан бастап жыл сайын мың жас ғалымға үш жылдық гранттар беріледі.

Сөз соңында Саясат Нұрбек салада айтулы жетістіктері үшін бірқатар ғалымдарды министрліктің Құрмет грамотасымен марапаттады.

Салтанатты шарада облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов батыл бастамалар, тың ізденістер мен кәсіби жетістіктердің арқасында университет отандық жетекші жоғары оқу орындарының арасында лайықты орын алып отырғанын атап айтты. Сондай-ақ, облыс әкімінің құттықтауын оқып берді.

Өз кезегінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы

түспа-түс, яғни 2020 жылдың қаңтар айында Алаштың анасы атанған Сыр өңіріндегі тарихы терең, бірлігі бекем, дәстүрі кенен Қорқыт ата университетін басқару ісі сеніп тапсырылды. Аукымды өзгерістер университеттің өз қызметінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға, мамандар даярлау сапасын көтеруге, жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға бағытталды. Көпбейінді жетекші жоғары оқу орнының дәстүрлі қызметі өңірдің экономикасы үшін ғана емес, ел экономикасы үшін де білікті кадрлар даярлау болғандықтан, 2025 жыл деңгейіндегі стратегиямызды бекіттік, – деді Бейбіткүл Кәрімова.

Бүгінде жоғары оқу орны ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын, алдыңғы қатарлы білім беру технологияларын меңгеретін, жаңа идеяларды қалыптастыратын бастамашыл, креативті азаматтар үшін тартымды жұмыс орнына айналууда. Кадрларды даярлау 5 институт базасында 115 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Қызылорда облысының білім беру саласын жаңа формациядағы кадрлармен қамтамасыз ету үшін педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер біліктілік санаттары бар педагог кадрлардың үлесі артууда. Жергілікті атқарушы органдар гранты негізінде оқитын бакалавриат білім алушыларының жалпы контингенті биылғы оқу жылында 322-ні құрайды.

Кейінгі үш жылда өндірісте кафедралардың 94 филиалы ашылды, практика базаларымен 646 шарт жасалды. Көп тілде білім беру бағдарламаларын жетілдіру және ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу, әлемнің жетекші университеттерімен қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламалары іске қосылуда. Соңғы кезеңде ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландырудың жалпы сомасы 431,08 млн теңгені құрады. Университет тарихын-

низациялаудан өтті. Тұрғын үйге мұқтаж барлық студенттер жатақханамен қамтамасыз етілген. Олар үшін оқу ақысы, қоғамдық көлікте жол жүру, тамақтану жеңілдіктері бар.

Әрбір жоғары оқу орны қызметінің басты көрсеткіші – даярлаған кәсіби кадрлар. Өңір экономикасы салаларындағы мамандардың 80 пайызға жуығы университет тұлғалары. Олар қай жұмыста болмасын, өз ісіннің шебері атанып, өз университетінің дәрежесін көтеріп жүр. Құрылғалы бері қоғам мүддесі үшін 70 мыңдай кәсіби маман даярланса, соңғы 5 жылдың өзінде 7036 бакалавр, 1034 магистр түлеп ұшты.

– Өңірдің жетекші кәсіпкерлік-инновациялық орталығына айналу әрі білім мен ғылымның жетістіктеріне сүйене отыра, еліміздің өркендеуіне салмақты үлес қосу берекесі-бірлігі мол ұжымның ең басты мақсаты болып қала бермек. Мерейтой өткенді қорытындылайтын, бүгінгіні саралап, ертеңге бағдар құратын сәт десек, ұжым болып атқарған жасампаз жұмыстарымыз игілігімізге айналып қана қоймай, кемел келешегімізге де берік іргетас болып қалануда. Мерейлі сәттің ең батыл ойлар мен жана жоспарларды, тың бастамаларды өмірге әкелетініне сенемін. Халқымыздың данагөйі Қорқыт баба есімін иеленген университетіміздің абыройы асқақтай берсін! – деді Бейбіткүл Кәрімова.

Салтанатты жиында «Қасиет құндақтаған қарашаңырақ» атты білім ордасының 85 жылдық тарихын баяндайтын бейнеролік көрсетіліп, «Таным тұмары» атты хореографиялық театрландырылған қойылымға ұласты. Іс-шарада ұлағатты ұстаздар мен ғалымдарға құрмет көрсетіліп, оқу орнының тәуелсіздік жылдарындағы жетістігі баяндалды.

Жиында бірқатар профессор-оқытушылар ҚР ЖОО қауымдастығының Ахмет Байтұрсынов атындағы орденімен Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының «Білім және



кредиттері, стипендияларды ұлғайту, жатақханалармен қамтамасыз ету шараларын жүзеге асырамыз, – деді министр.

Кездесу аяқталған соң Саясат Нұрбек жеке қабылдау өткізіп, тұрғындардың сауалдарына жауап берді. Бұдан әрі министр «Open space» заманауи үлгідегі кітапханамен және сирек кітаптар қоры да таныстырылды. Қазір университеттің ғылыми кітапханасында 2 миллионнан астам кітап қоры бар. Айта кету керек, оқу орнында цифрландыру жұмысы қарқынды және электронды кітаптардың саны артууда. Сонымен қатар, Саясат Нұрбек университеттің кәсіпкерлік орталығы жастар өкілдерімен, жастар ұйымдары көшбасшыларымен және білім, ғылым, өнер, спорт саласындағы жеңімпаз жастармен кездесті.

Орайы келгендей айтқанда, кейінгі үш жылда аймақтың

Қызылорда университетінің 85 жылдығымен құттықтап, оқу орны еліміздегі білім саласының дамуына елеулі үлес қосқанын жеткізді.

Жақында Мемлекет басшысының Францияға сапары аясында еліміздің 12 жоғары оқу орны қатысқан 14 келісім-шартқа қол қойылды. Оның ішінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті де бар. Алдағы уақытта ең заманауи агротехникалық селекция және генетика лабораториясымен бірлесіп отырып, университетте ғылыми орталық ашу жоспарланған. Министр ғасырға жуық тарихы бар білім ордасының алдағы үлкен демографиялық және миграциялық толқынға дайын болуы керекін айтты.

– Елімізде, оның ішінде өңірде халық саны күрт өсуде. Қазақстанда кейінгі үш жылда 1,5 миллионға жуық бала дүниеге келді. Мұндай тарихи

– ректоры Бейбіткүл Кәрімова бірегей білім ордасы осы кезге дейін мыңдаған шәкірттің жарқын болашағына жолдама бергеніне тоқталды.

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев адами капиталды дамытудың тіректі салалары ғылым мен білімге ерекше көңіл бөліп, бұл салалардағы ауқымды өзгерістерді өзінің жіті бақылауында ұстап келеді. Жаңа реформалар аясында жоғары оқу орындарының басқарушылық, білім беру мен ғылыми қызметінің барлық құрылымдық және мазмұндық құрамын қайта жаңғыртуға бағытталған кешенді шаралар жүзеге асырылды. Бұл қатарда 2020 жылғы 1 шілдеден бастап Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті коммерциялық емес акционерлік қоғам ретінде қайта құрылды. Осынау бетбұрысты кезеңмен

да тұңғыш рет 2021 жылы жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерін қолдау үшін арнайы гранттар бөліне бастады. Жастарды ізденіске жігерлендірген жағымды үрдіс жыл сайын жалғасын таба бермек.

Философия докторы (PhD) дәрежесін беру бойынша 2019-2021 жылдар аралығында 7 диссертациялық кеңес жұмыс істеп, 18 диссертация қорғалды. Биыл жаңадан педагогика және психология, қазақ тілі мен әдебиеті, құрылыс және құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру бағыттары бойынша диссертациялық кеңестер ашылды.

Инфрақұрылымды дамытуға бөлінген қаражат жылдан-жылға артып келеді. Университет тарихында алғаш рет ғылыми кітапхананың Студенттер сарайындағы қызмет көрсету бөлімі модер-

ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» белгісі, «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Ал Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, саяси ғылымдар докторы, профессор Мұрат Бақтиярұлына, екі мәрте Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, биология ғылымдарының докторы, профессор Аманкелді Садаханова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлына «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Құрметті профессоры» атағы табысталды.

Ақтөлек БІТІМБАЙ,
Біболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»



«БАЙТАҚ» ЖАСЫЛДАР ПАРТИЯСЫ ТІРКЕУДЕН ӨТТІ

Қоршаған орта жанашырларының басын қосқан, азаматтық белсенділердің бастамасымен құрылған «Байтақ» жасылдар партиясы мемлекеттік тіркеуден өтті. Тарихи сәтке орай партияның облыстық филиалы баспасөз мәслихатын өткізді. Оған партияның атқарушы хатшысы Нұрлан Көптілеуегі мен облыстық филиал төрағасы Болат Нұрқожаев қатысты.

Өткен қыркүйек айында «Байтақ» жасылдар партиясы 1500 делегаттың қатысуымен құрылтайшылар съезін өт-

кізген. Әрі қарай ұйым өз әлеуетін дәлелдеуі тиіс болды. Содан бері заң талаптары толық орындалып, партия

мүшелігіне өтінім берген 25000 адамның құжаты ҚР Әділет министрлігіне жолданды.

– Қазіргі таңда еліміздің оннан астам өңірінде партия филиалдары жұмысын бастады. Ал, Қызылорда облысына келер болсақ, алдағы уақытта біз өзіміздің қызметіміздің басты бағыты ретінде Арал проблемасын алдық. Одан бөлек, «Байқоңыр», «Шалқия» кен орны, «Арал-Сырдария» бассейні су қорлары секілді

экологиялық мәселелер бар, – деді Нұрлан Көптілеуегі.

«Байтақ» жасылдар партиясының облыстық филиалы жұмысын бастады. Филиал төрағалығына көпшілік дауыспен аймақтың қоршаған орта мәселелерін көтеріп жүрген қоғам белсендісі Болат Нұрқожаев сайланды.

Баспасөз мәслихатында филиал төрағасы алдағы уақытта партия Арал проблемасымен шектелмей, жоғарыдан судың

келуі, өңірде суды пайдалану мәселесі де маңызды бағыт болатынын атап өтті.

– Мысалы, біз «Байқоңыр» ғарыш айлағы мәселесін көптен бері айтып келеміз. Бірақ оның зардабы осы уақытқа дейін ғылыми түрде зерттелген жоқ. Сонымен қатар, Арал проблемасы да көп айтылғанымен, ондағы су қоры, деңгейі, аумағы қанша екені туралы да нақты дерек жоқ. 1981 жылдан бері қар-

тографиясы да жасалмаған. Одан бөлек, қуаңшылық кезінде шілшелер мәселесін өзектілігін де сезіндік. Осындай өңір үшін өзекті мәселелерге партия арқылы ықпал етеміз, – деді Б.Нұрқожаев.

Қазір облыста партияның 1,5 мыңнан астам мүшесі бар. Жакын күндері облыс орталығынан кеңсесі, аудандарда филиалдары ашылады.

«СБ» ақпарат



Инфляция иілмейін деп тұр

Ресми мәлімдемеде: «Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені көтеру циклін аяқтауға жақын-дады. Оның қазіргі деңгейі жеткілікті жоғары деп бағаланады. Базалық мөлшерлемені ұзақ уақыт бойы бүгінгідей мәндерде сақтау инфляцияны тұрақтандыруға және оны орта мерзімді перспективада біртіндеп төмендетуге мүмкіндік береді. Жаңа проинфляциялық күтпеген өзгерістер болмаған жағдайда ақша-кредит саясатын одан әрі күшейту ықтималдығы төмен деп бағаланады» делінген.

Ұлттық банктің сайтынан ондағы базалық мөлшерлемені белгілеу кестесіне зер салдық. Айталық жылдың басындағы мөлшерлеме 10,25% болса, ол ақпан, наурыз айларында 13,50%, сәуір, маусымда 14%, шілде, қыркүйекте 14,50%, қазан айында 16%- ды құрапты. Базалық мөлшерлеменің өсуі инфляцияға да әсер ететіні анық.

Банк мамандарының айтуынша, инфляция жоғары деңгейде қалыптасып отыр. Қараша айында оның жылдық мәні 19,6% болып, барлық компонент бойынша өскен.

— Қараша айында айлық инфляция біршама баяулады, бірақ әлі де көпжылдық орташа деңгейден айтарлықтай асып, жоғары деңгейде қалуға. Биыл болжам бойынша жылдық инфляция 20-21% деңгейінде қалыптасады. Бағалау бойынша инфляцияның шарықтау шегі 2023 жылдың 1-тоқсанында болады деп болжанады. Ал 2024 жылы ішкі сұраныстың өсуі және күтудің мейлінше баяу төмендеуінен инфляция 7-9% шегінде болмақ.

Экономиканың өсу динамикасында жалпы баяулауға қарамастан, биыл тау-кен өндірісін санамағанда, экономиканың негізгі секторлары жылдам өсуде. Тау-кен өндіру саласында өнім шығарудың төмендеуі кен орындарын жөндеуге, сондай-ақ логистиканың бұзылуына байланысты. Биылғы жылы ЖІӨ-нің өсуі 2-3% шегінде қалыптасып,



кейіннен 2023 жылы 3-4%-ға дейін жылдамдайды. Бұл бұрын болжанған сыртқы сұраныстың әлсіреуіне, мұнай өндірудің біршама қалыпты болуына және Қазақстан экспортын әлемдік нарықтарға жеткізуде туындайтын проблемаларға байланысты. Бұдан кейін ЖІӨ-нің өсуі тұрақталады деп болжанады. Мұнай өндірудің ұлғаюына байланысты экспорттың өсуі, сондай-ақ үй шаруашылықтары тарапынан сұраныс қалыпты болған кезде инвестициялардың ұлғаюы негізгі қозғаушы күш болады. Келесі жылы фискалдық саясат әлі де ынталандырушы сипатта болады, бірақ бюджеттік қағиданың қолданылуы нәтижесінде серпін орта мерзімді кезеңде бәсеңдейді. Бұл мемлекеттік тұтыну мен ішкі сұранысты қолдайды. Экономиканың одан әрі өсуін импорттың өсуі тежейді. Инфляция бойынша болжам тәуекелдері геосаяси шиеленістің салдарына және оның одан әрі дамуына қатысты белгісіздікке, сауданы құрылымдық қайта құру кезеңінің ұзақтығына, инфляциялық күтудің жоғары және тұрақсыз

болуына, жоғары азық-түлік инфляциясының сақталуына байланысты, — делінген мәлімдемеде.

Қарапайым оқырманға түсінікті болу үшін, базалық пайыздық мөлшерлеме дегенге тоқтала кетейік. Бұл — несиенің алуан түрлері бойынша пайыз есептеу үшін банктер белгілеп, жариялайтын пайыздық мөлшерлеме. Ол көп ретте жылдық мөлшерлеме ретінде есептеледі. Оның мөлшері несиесі ресурстарына сұраным мен ұсынымға, ақша нарығының пайыздық мөлшерлемесіне, ақшаға билік жүргізетін орындар белгілейтін пайыздық мөлшерлемеге байланысты. Базалық пайыздық мөлшерлеме әдетте банктің ең төмен пайыздық мөлшерлемесі екенін айта кетейік.

Экономист мамандардың айтуынша, оның өсуінің тиімді және тиімсіз тұстары бар. Мәселен, егер сіздің депозитте жинаған қаржыңыз болса, онда сіз үшін пайдалы болмақ. Мамандар депозитте ұзақ мерзімде теңгемен ақша ұстаған тиімді деп есептейді. Өйткені, пайызы жоғары болады. Бірақ халықтың

артық қаржы жинамақ түгілі, несиесіне азық-түлік алып отырғанын ескерсек, базалық мөлшерлеменің өсуі олар үшін қуанынша емес. Ал тиімсіз жағына келер болсақ, тұтынушылық, бизнес үшін берілетін несиелердің пайызы жоғарылайды деген сөз. Демек, қандай да бір кәсіп көзін ашатындар үшін немесе оны кеңейтетіндер үшін қолайсыз.

Қазір кредитсіз ісі өнбейтін жұртшылықтың қатары артуда. Баласын үйлендірсе де, көлік, баспана, тон алса да, тіпті күнделікті пайдаланатын тұрмыстық техника мен киім-кешектің бәрін несиесіне алатын халықтың қарасы күн сайын артып келеді. Мәселен, тұтынушылық несиесіне берешектер күрт көбейіп, қазақстандықтардың 6 триллион теңгеден астам қарызы бар. Бұл кейінгі бес жылда 4 триллион теңгеге артқанын банк мамандары да растап отыр.

Ұлттық Банктің ендігі кезекті жоспарлы шешімі келер жылдың 13 қантарына сәйкес келіп тұр. Онсыз да күн сайын шарықтап, қуып жеткізбей баратын бағаға қашан тоқтам болар екен?

БҮГІН – ПРОКУРАТУРА КҮНІ

Бүгінде прокуратура органдары – ел аумағында заңдылықтың сақталуын қадағалайтын бірден-бір жауапты сала. Жергілікті құқық қорғау және атқарушы органдардың жұмысын оңтайлы үйлестірудің нәтижесінде аймақта тұрақты криминаогенді ахуал сақталуда.

Заң үстемдігі – Әділетті Қазақстанның ұстанымы



Нақтырақ айтқанда, өңірде жалпы қылмыстық іс-әрекет өткен жылмен салыстырғанда 13 пайызға төмендеген. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық прокуратураның басқарма басшысы Батырбек Нұрмағанбетов айтты.

— Елімізде 6 желтоқсан – Прокуратура органдарының кәсіби мерекесі. 1991 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен бірінші прокуратура органдарының жүйесі құрылды.

Осы кезден бастап прокуратура саласы Конституцияда негізделген заң аясында қарқынды жұмыстар атқарып келеді. Қазіргі таңда прокуратура органдарының қызметкерлері бір тетік арқылы жұмыс істеу жүйесіне көшкен. Осы арқылы мыңдаған тұлға туралы мәліметті толық тексеруге мүмкіндік бар.

Жалпы жыл басынан бері прокурорлар заңсыз ұсталған және әрекетін тергеу органы заңсыз саралаған 91 адамның конституциялық құқықтарын сақтады. Сонымен қатар биыл аймақта жалпы қылмыстық деректер былтырғы жылмен салыстырғанда 588-ге азайды. Ал биыл облыс көлеміндегі алаяқтық қылмыс 6 пайызға кеміді. Бұл – қылмыстық іс-әрекетке қарсы құқық қорғау органдарымен бірлесіп отырып атқарған жұмыстардың нәтижесі, — деді басқарма басшысы.

Дәрі-дәрмек нарығында не жаңалық?

Иә, басы ауырып, балтыры сыздамайтын адам жоқ. Сондайда еріксіз дәрі-дәрмекке жүгінеміз. Қазіргідей қыстың көзі қырауда тұмау, суық тино секілді маусымдық аурулар да өршітіні белгілі. Мұндайда әріне, дәрханалар саудасы кызды. Жалпы, еліміздің дәрі-дәрмек нарығы импортқа тәуелді екені анық. Бұл ретте әсіресе, елімізде ТМД елдері арасында негізгі дәрі-дәрмек жеткізушілер – Ресей, Украина және Беларусь. Мәселен, былтыр Қазақстанға импортталған дәрі-дәрмек көлемінің үштен бірі Ресейдің үлесіне тиген.

Осы орайда жыл басында сарапшылар мен дәріхана желісінің иелері геосаяси ахуалдың шиеленісуіне байланысты дәрі-дәрмек нарығында да тапшылық пен қымбатшылық болады деген болжам айтқан еді. Ендеше, еліміздегі дәрі-дәрмек нарығындағы ахуал қандай?

Жалпы 2016 жылдан бастап Еуразиялық экономикалық одақ көлемінде фармацевтикалық және дәрі-дәрмек құралдарының нарығы жұмыс істейді. Еуразиялық интеграция аясында құрылған бұл нарық еліміздегі дәрі-дәрмек нарығын Ресей және Беларусь елдерімен байланыстыру үшін қолға алынған бастама еді. Содан бастап үш ел арасындағы дәрі-дәрмек нарығында тығыз байланыс орнады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, былтыр елімізге 1,1 миллиард долларға 21,7 мың тонна дәрі әкелінген. Оның үштен бірінен астамы Ресейден, яғни 7,5 мың тонна 92,7 миллион долларға (ақшалай алғанда жалпы импорттың 8,3 пайызы) импортталған. Онан кейінгі кезекте Украина. Ол жақтан 22,4 миллион долларға 879 тонна дәрі-дәрмек жеткізілген. Үштікті түйіндеген Беларусь бізге 13,3

миллион долларға 863,8 тонна дәрі-дәрмек импорттаған. Қалған 2 мыңға жуық тонна дәрі-дәрмек Үндістаннан, Германиядан, Қытайдан жеткізіліпті. Жоғарыда айтқанымыздай, жыл басында геосаяси ахуал ушыққан тұста сарапшылар дәрі-дәрмек нарығында тапшылық пен қымбатшылық байқалуы мүмкін екенін айтқан болатын. Дегенмен, тапшылық сезілген жоқ. Бірақ бағаның өскені байқалып, жайлаған қымбатшылық бұл саланы да шарпып жатқаны білінеді.

Елімізде фармацевтикалық препараттардың бағасы жыл өткен сайын қымбаттап келеді. Биыл қантарда ресми деректерге сүйенсек, дәрі-дәрмек бағасы былтырғы жылдың сол кезеңімен салыстырғанда 3,3 пайызға өскен. Ұлттықстатистикабюросының ресми мәліметіне сүйенсек,

2022 жылдың қаңтарында, әсіресе хилак форте препараты бір жыл бұрынғы бағамен салыстырғанда 42,1 пайызға қымбаттаған. Одан бөлек, «Ашикловир» 12,3, «Эссенциале форте Н» 11,4, «Но-шпа» 10,1 пайызға қымбаттаған. Ессеніе, «Парацетамол» 14,3, «Нурофен» 14,3, «Ацетилсалицил қышқылы» 9,5 пайызға қымбаттаған баға өсімі, әсіресе, алматылықтарға қатты әсер еткен. Антилидерлердің бестігіне Маңғыстау (17,1 пайызға), Ақтөбе (16,7 пайызға), Жетісу (16,2 пайызға) және Жамбыл облыстары кірсе, ең төмен жылдық өсім небәрі 8,9 пайызға қымбаттаған Қызылорда, яғни,

біздің облыста байқалған.

Статистикалық деректерге сүйенсек, бұл салада отандық өндіріс көлемі артып келеді, бірақ ішкі нарықта баға бәрібір қымбат. Өйткені, жоғарыда айттып өткеніміздей, импортқа тәуелділік басым. Мәселен, жоғарыда айтқан деректерден бөлек, ел нарығына шыққан антибиотиктердің 85,2 пайызы, провитаминдер мен дәрумендердің 100 пайызға жуығы, яғни барлығы дерлік шетелдерден әкелінеді. Десек те, отандық фармацевтикалық өнім өндіру саласының жұмысын да жокқа шығара алмаймыз. Биыл қантардағы ресми деректерде елімізде фармацевтикалық өнімдерді өндіру көлемі 11,1 миллиард теңге болғаны көрсетілген. Былтырғы қантардағы мәліметтермен салыстырғанда, бұл – 13 пайызға артық көрсеткіш.

Жалпы, дәрі-дәрмек өндірісінің көлемі ақшалай түрде 13,8 пайызға өсіп, 9,8 миллиард теңгеге жеткен. Өзіміз өндірген дәрі-дәрмектің жартысынан көбі Шымкент қаласы (3,9 миллиард теңге) мен Алматы облысында (3,5 миллиард теңге) шығарылған. Одан кейінгі орындарда Алматы қаласы (2 миллиард теңге), Қарағанды (794 миллион теңге) және Жамбыл облыстары (520 миллион теңге) тұр. Денсаулық сақтау министрлігінің деректерінде елімізде дәрі-дәрмек, медициналық бұйымдар мен техника өндіретін 88 кәсіпорын бар деп көрсетілген. Оның 32-сі дәрі өндірісе, 56-сы медициналық бұйымдар мен техника түрін өндіреді.

Экспортта да әлеует жоқ емес. Мысалы, қазақстандық өндірушілер Қырғыз, Ресей, Словения, Түркия және

Өзбекстан нарықтарын табысты игеріп келе жатыр. Салаға салынған инвестициялардың өсуі фармацевтикалық өнімдер экспортының көрсеткіштерін жақсартуға серпін берген. Мәселен, былтырғы қантар-наурызда шетелге шығарылған өнімдер шамамен 18,7 миллион АҚШ долларына жеткен, бұл алдыңғы жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 48 пайызға артық. Әсіресе, Өзбекстанға қазақстандық фармацевтикалық өнімдер экспортының көлемі күрт өскен. Атап айтқанда, егер 2020 жылғы қантар-наурызда Өзбекстанға фармацевтикалық өнімдердің экспорты небәрі 273,7 мың АҚШ доллары болса, былтырғы осы айларда жеткізу көлемі 5,3 миллион АҚШ долларына дейін, яғни, 19,4 есе өскен. Одан соң Словенияға шығарылған экспорттардың екі есе өскені байқалады, яғни 0,76-дан 1,5 миллион АҚШ долларына дейін жеткен.

Байқағанымыздай, елдегі дәрі-дәрмек наркында импорт пен экспорт қатар жүруде. Нақтырақ айтқанда, фармацевтика саласында импортқа тәуелдіміз дегенімізбен, кейінгі жылдары экспорттық әлеуетіміз де көтеріліп келе жатқанын байқаймыз. Жалпы, медицинада дәрі-дәрмек қорының жеткілікті болуы мемлекет үшін қашан да маңызды. Осы орайда дәрі-дәрмекпен қамту мәселесіне Мемлекет басшысы да бейжай қарамай, жіті бақылауда ұстап келеді. Отандық дәрі-дәрмек өндірісін өркендетуге назар аударып, тиісті тапсырмалар жүктегені белгілі. Осының негізінде ауқымды жұмыстар қолға алынды. Кешегі пандемия кезінде еліміз коронавирусқа қарсы вакцина ойлап тапқан санаулы елдердің қатарында болғанын білеміз.



Ағаның ақ пейілі

Қызмет өткен жылдары азаматтардың жақсылығын, жан-жағын шапағатына бөлеп жүретін ақ адал пейілін көп көрдік. Көзі тірі болғанда Білім беру ісінің үздігі Мәді Маханов 80 жасқа толар еді. Білімді педагог, білікті басқарушы шәкірт тәрбиелеп, өз заманының үлгілі тұлғасы болды. Дүниеден өткеніне көп уақыт болмаса да, замандастары, құрдастары «Мәді айтып еді» деп оның әдемі, әдепті сөздерін, игі істерін еске алып жүр.



Мәді әкесі Жұмаділ Ұлы Отан соғысына аттанғанда Ақтоған елді мекенінде дүние есігін ашыпты. Ағайындардың ортасында болғанымен, отбасының тауқыметі анасы Қаншайдың мойнында. «Құндақтап алып, жұмыс басына алып баратынымын, жылауды білмейтін» деп анасы айтып отыратын. Кейін «Ақтоған» елді мекенінен «Бірказанға» көшіп, сонда тұрақтады. Бұл жерде әкесінің інісі Ибаділдің камкорлығын көргенін Мәді жиі айтатын. Осы ауылда 1959 жылы мектепті бітірді, біз сол уақытта таныстық. Қаладағы №6 мектепте оқып жүрген кезім. Ата-анам «Тартоғайға» көшіп барған. Үйге баруға №55, 56 «Ташкент-Москва» поезына мінітінбіз. Кейде билет жоқ. Билет болса, қалтада тын болмайды. Сонда жасырынып тұрып, қозғалған поезд вагондарына жармасатынбыз. Бірде сәті түссе, бірде сәті түспей міне алмай қаламыз. Осындай күндердің бірінде вагонның жолсеріктері «Бірказаннан» түсіріп кетті. Станцияда бүрсендеп тұрған бізді бір бала өз үйіне шақырды. Ол жүрегі мейірімге толы Мәді еді. Анасы қайда баратынымызды сұрап, қолда барын ұсынды. Досым Ергали Сансызбаевпен бірге әлденіп алып, теміржол бойымен «Тартоғайға» қарай жүріп кеттік.

Кейін қала мектептерінің спорттық ойындарында, фестивальдарда Мәдімен қатар жүрдік. Сол кезде теміржолда жұмысшы болып істейтін. Қызылорда пединститутына құжат тапсырып жүргенімде кездестік. Ол да «Жаратылыстану» факультетіне құжат тапсырған екен. Жоғары оқу орнында лекцияларды бірге тыңдаймыз. Құрдасын Мәді жаратылыстану бағытында оқыса да, әдебиетке жаны құмар еді. Танымал акындардың әсіресе, Қасым Аманжоловтың, Оспанхан мен Асқардың сатиралық өлеңдерін жатқа айтатын. II курста оқып жүргенімізде Талдықорғанның драма театры Қызылорда қаласына көшіп келді. Институттың филология факультетімен байланыс жасаған болу керек. Аталған театр студенттермен байланыс жасап, талантты жастарды іздей бастады. «Жаратылыстану» факультетінен Мәді тізімге енді. Ең алғаш қойылған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» спектаклінде Жантық рөлін сомдады, мен музыкалық әрлеуші болдым. Мәкеннің бойында өлең шумақтарын құрастыратын таланты бар еді. Ол әнді музыка аспаптарына қосылып, керемет шырқайтын. Спортты сүйді. Әсіресе волейбол ойнағанда жанын беретін.

Мәді 1964 жылы әскерге шақырылды. Әскерде анасына алаңдап, негізсіз армия қатарына алынғанын, себебі бір үйдің жалғыз асыраушысы екенін алға тартып, Қорғаныс министрлігіне дейін хат жазды. Ұшжылдық әскерден мерзімінен бұрын босатылды. Осы аз уақыт ішінде партия қатарына кандидат болды. Институттағы оқуын сырттай жалғастырып, М.Ломоносов атындағы №41 мектепке «Химия-биология» пәнінің мұғалімі

болды. Кейін мектепте тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін, 1970-1973 жылдары аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, 1973 жылы маусым айында Сұлутөбе ауылдық округіндегі М.Ломоносов атындағы №41 орта мектеп директоры болды. Педагогикалық еңбек жолы, мектеп басқарудағы шеберлігі осы мектептен бастау алады. Алға қойған мақсаттарын орындауда тынымсыз еңбек етті. Көп ізденді. Мектептің материалдық базасын жетілдірді. Білім ордасының жанынан аудандық музыка мектебінің спорт және жас натуралистер станциясының филиалдары ашылды. Бұған кадрларды жергілікті жерден орналастырды. Жыл санап аудандағы өзіндік тарихи бар мектеп нәтижелі істер мен табыс биігінен көрінді.

Мәкен 1987 жылы ауданда алғаш рет конкурспен білім бөлімінің басшысы болып тағайындалды. Облыс басшыларымен тығыз жұмыс істеп, аудан мектептерінің материалдық-техникалық жағдайын көтеруді басты мақсат етті. Мектептер жанынан қосалқы шаруашылықтар ұйымдастырды, жағдайды аудан басшыларына жеткізе білді. Сол кездегі аудандық кенестің төрағасы И.Әбибуллаев мектептерге техникалар алып беріп, шаруашылықпен айналысуға толық мүмкіндік жасады. М.Ломоносов атындағы №41 орта мектепте құс өсірді, егін шаруашылығы, шағын сауын фермалары жұмыс атқарды. Осындай оқуды еңбекпен ұштастыру бағытындағы Сырдария аудандық білім бөлімінің атқарып отырған жұмыстарын 1991 жылы мектеп базасында өткен республикалық семинарда көрсетті. Мәкеннің басшылығымен «Қаусар бұлақ» жоспары батыл қадаммен енгізілді. Облысқа тараған жанашырлық Сырдария ауданынан бастау алды. Сырдария ауданы тараған кезде республикаға танымал аудандық білім бөлімі үшке бөлінді.

Ол өнер десе, ішкен асын жерге қоятын, ел ішіндегі таланттардың басын біріктіріп, көркемөнерпаздарды жинады. Ауылдағы жастардың басын қосып, түрлі қойылымдарды сахналады. Жұмысшылар комитетінің төрағасы Жұмабек Тәжімовтің қолдауымен штат бөлініп, актерлары да артты, көрермені көбейді. Алыс-жақын ауылдарды аралап, спектакль қоятын. Әрбір қойылымға, оның кейіпкерлеріне, рөлді сомдауына ерекше назар аударатын. Кейін Жұмабек ағайдың жанашырлығымен «Халық театры» мәртебесін ресми иеленді. Мәкен мектеп басшысы ғана емес, ауылдағы әрбір жастың алға сүйірер ағасы, ақылшысы, қамқоршысы болды. Жаны жайсан азаматтың жанында жүрді.

Мәді Жұмаділұлы Тұрғанқұлдей адал жарымен ұл-қыздарды жеткізді. Өзі кетсе де, өшпес ізі, қимас іздеушілері қалды.

**Ерденбек МҰХАНОВ,
Елеусін ДҮЙСЕНОВ,
Шиелі ауданының Құрметті азаматтары**



Бензин қай елде қымбат?

Visual Capitalist басылымы қазіргі таңда қай елдер бензин үшін ең көп қаражат төлейді деген сұрақ төңірегінде шолу жасады.

Басылымның ақпаратына қарағанда, энергия жеткізудің жандандық тізбегінің бұзылуына байланысты бензин, электр энергиясы және табиғи газ бағасы шарықтап кеткен. Кейбір елдерде энергия бағасы 2022 жылы тарихи деңгейге жетеді деп болжанады. Гонконг тұрғындары бензин үшін әлем бойынша ең көп ақы төлейді, яғни 11,10 доллар. Бұл әлемдегі орташа деңгейден екі есе көп. Электр энергиясының ең жоғары құны көбінесе Еуропада. Дания, Германия және Бельгиядағы бензин бағасы Франция мен Грекиядағы бағадан екі есе жоғары.

Талаптар жеңілдеді

Қытайдағы 10 ірі мегаполистің билігі қоғамдық көліктерге міну үшін COVID-19 тестілерін тексеру талабының алынып тасталғанын жариялады.

Соңғы күндері Қытайдың онтүстігіндегі Гуанчжоу қаласында ковидтің шектеулері жеңілдеген. Онда қоғамдық орындарға кіру үшін COVID-19 тестілерін көрсету талаптары жойылған, сауда орталықтары мен тамақтану орындарының жұмысы қайта жанданған. Коронавирус жұқтырғандармен жақын байланыста болғандар үшін шартты түрде үй карантиніне рұқсат етілген.

Қытай астанасының тұрғындарына соңғы 48 сағат ішінде жасалған теріс нәтижесі бар коронавирус тестісін көрсетпестен, қоғамдық көлікпен жүруге рұқсат етіледі, ал ауруханалардың ПТР тестісі жоқ науқастарды емдеуден бас тартуына тыйым салынды.

Рәпердің акаунты бұғатталды

Рәпер Канье Уэсттің твиттердегі акаунты «Гитлер туралы даулы мәлімдемелер» жазғаны үшін тағы да бұғатталды.

Кейбір дереккөздердің жазуынша, америкалық рәпер Уэст журналист Алекс Джонсен сұхбатында Гитлер мен нацистерге деген тандаысын білдірген. «...Әр адам өзінше құнды, әсіресе радиолар. Мен Гитлерді жақсы көремін» деді Уэст радиолар.

Айта кетсек, Уэсттің акаунты – Twitter-дегі ең танымал және даулы акаунттардың бірі.

Қалалар рейтингі жарияланды

Economist британ журналының талдау бөлімі ең қымбат қалалардың кезекті рейтингісін жариялады.

2022 жылғы рейтинг қорытындысы бойынша Нью-Йорк пен Сингапур көш бастады. Рейтингі жасаған Economist Intelligence Unit әлемнің 172 ірі қаласында баға бір жылда 8,1% көтерілгенін атап өтті.

Бұл – журнал әлемдегі өмір сүру құны туралы деректерді жинаған соңғы 20 жыл ішіндегі ең үлкен көрсеткіш. Еткен жылы Тель-Авив бірінші орында болса, қазір ол үшінші орында тұр.

Ливияның Триполиі мен Сирия астанасы Дамаск – әлемдегі ең арзан қалалар. Сондай-ақ олардың қатарында Қазақстанның ең ірі қаласы Алматы мен Өзбекстан астанасы Ташкент те бар.

Жұмыр жер жаратылғалы әрбір ұлт пен халықтың жүріп өткен жолы мен ұзынсонар тарихы бар. Дүбірлі оқиғаларға толы тарихқа көз салсақ, адамзат қауымының бағыты мен бағдарына жол сызған, күллі әлемді өзгеріске түсірген нәрсе – бұл адамзаттың таным-білімге үйірсек болған өркениетке ұмтылысы еді. Соның ішінде өнер – эстетикалық тәрбие берудің басты құралы. Себебі, өнер адамның рухани дамуы мен дүниетанымының қалыптасуына әсер етеді. Адамның ішкі жан дүниесіне сұлулық сыйлап, санасына сәуле құяды.



Тасқа қашалған тарих сыры

Өткен тарихыңды таразыламай, болашағыңның жарқын болуы неғайбыл. Қазақтың тарихы – оның ішінде бізді кеңестік дәуірде оқытқан тарих оқып, жазып жүргенімізден мүлдем басқа болып шықты. Кеңестік дәуірде «Қазақ мәдениеті болмаған, бұлар тек малдысын соңында жүрген көшпенділер, олар жабайы өмір сүрген, т.б.» деген сияқты қасаң көзқарас қалыптастыруға тырысты. Алайда аспандағы айды алақаныңмен жасыра алмайсың. Қазір жанаша көзқарас қалыптасып келеді. Бұл мақаланы жазуға, былтыр аудан төңірегіндегі бірқатар тарихи-мәдени ескерткішті аралаған сапарымыз түрткі болды.

Адамзат тарихындағы өркениет жазу-сызудан басталады. Алғашқы адамдардың жасаған бейнелеу өнерінің үлгілері аяқ астынан пайда болған жоқ. Ол көптеген жыл бойы дамып-жетілген тәжірибе мен дәстүрдің негізінде пайда болды. Алғашқы бейнелеу өнері адамдардың тасқа қашап салған, тіршілік үшін жасаған еңбегіне, қоршаған ортасына, табиғатқа және жан-жануарларға қатысты болды. Оларды ғылым тілінде петроглифтер деп те атайды. Петроглифтер дегеніміз – адам іс-әрекетінің формаларын жартастағы оюлар. Табылған петроглифтердің көпшілігі неолит кезеңі (б.з.д. 10000 – 3000 жж.). Бұл палеолит дәуірінен (б.з.д. 3,000,000 – 10,000) айырмашылығы топтардың әлеуметтік, экономикалық және саяси ілгерілеуімен және отырықшы режимнің енуімен сипатталады. Петроглиф сөзі грек тілінен шыққан, «птра» «тас» және «глиф» «жазу» дегенді білдіреді.

Бірнеше мыңдаған жылдар бұрын Қазақстан жерінде мекен еткен ежелгі тұрғындар әр аймақта өмір сүріп, аң аулады, терімшілікпен айналысты, өз қоныстары мен қалаларын салды. Мұнда дөң баурайында байырғы суретшілер өздерінің нанымдары мен салт-дәстүрлерін бейнелеп, бізге, ұрпақтарына таңғажайып жартаc картиналарын қалдырды. Әр өңірдегі мұндай өнер туындылары тас ғасырдың кейінгі орта ғасырларға дейінгі адамдардың шаруашылығынан, тұрмыс-салты мен жол-жоралғыларынан, дүниетанымынан хабар береді. Басты сюжеттері адамдардың шаруашылық салаларын (аңшылық, балықшылық, т.б.), наным-сенімдерін сипаттайды. Суреттерде пропорция сақталмаған, тұз тағыларының кішіңкитай суреттерінің жанына одан бірнеше есе үлкен адам бейнесі салынған. Бұл өнердің мәні терең, бейнелері мазмұнды болып келеді. Оларда аңыз әңгімелер, мифтік сюжеттер, қоршаған ортамен байланысты шаруашылық-тұрмыстық қарекеттер бейнеленді.

Мысалы, «Азия дауысы» жобасының басты символы болған күн басты құдай, жартастағы Ұмай ана бейнесі, топталған адамдардың алып жабайы аңдарды орға құлатып ауалағаны, оны найзамен піскілеп өлтіргені, тіпті сонау қазақ дәуірінде атқа жергілген екі дөңгелекті арбадағы сарбаздың бейнелеріде кездеседі. Қазақстанда 200-ден астам жартаc суреттерінің шоғырланған орындары белгілі болып отыр. Солардың ішінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми айналымға түскендері – Ақбауыр, Арпаөзен, Баянжүрек, Ешкөлмес, Қаратау, Қойбағар, Майдантап, Мойнақ, Таңбалы, Теректі-Әулие, Сауыскандық және т.б. жатады. Петроглифтер – сонау тас дәуірінде қарапайым геометриялық сызықтардан бастау алып, ғасырлар бойы қазіргі ұрпақтарына жетіп, саналы өміріміздің қадесіне жарап, жалғасын тауып келе жатқан өнер.

Орта ғасырларда қазақ даласына ислам дінінің келуімен тіршілік иесінің жанды бейнесін салуға қатаң тыйым салынғанына байланысты көптеген монументті бабалар тастардың, жартастарға салынған кейбір бейнелердің жойылып кеткені де жоққа шығара алмаймыз. Бұл діни фанатизмнің

әсерінен болған жағдай деп баға беруге болады. Себебі ислам діні келгенге дейін арабтар Құдайға серік қосып, жаппай пұтқа табынып кеткен еді. Сондықтан пайғамбарымыздың «Тірі жанның суреті бар үйге періштелер кірмейді» деп айтқан хадисін әлдепкі мұсылмандар қатаң ұстанды. Тіпті Меккедегі Қағбада 360 пұт тас мүсін болғаны туралы тарихи деректерде бар. Алайда ислам өнерге шектеу қоймайды. Тек Құдайға серік қосудан сақтандырады. Кейіннен Орта Азияда ислам дінінің келуіне байланысты мешіт, медреселер көптеп салынып, архитектуралық сәулет-құрылыс өнері қарқынды дамыды. Заман өзгеріп, әр ғасырдың сәулет өнері тарихтың куәгері ретінде қалыптасты. Әсіресе, Мәуереннахрдағы, Бұхара мен Самарканд, Хиуа қалаларындағы медреселердің қабырғаларын көздің жауын алатын түрлі-түсті глазуурмен өрнектеп, қаптау ерекше қарқын алды. Медреселердің басты порталдарында мозайкалық әдіспен салынған (Шер-Дор, Надир Диуанбегі медреселері) құстың, жолбарыстың бейнелері кездеседі.

Орта ғасырларда қазақ жерінде қасырлар бойы үздіксіз жалғасқан (Шыңғысхан шапқыншылығы, жоңғар шапқыншылығы, Ақтабан шұбырынды, т.б.) соғыстың салдарынан сәулет өнері біршама тұралап қалды. Одан кейінгі үш ғасырдағы орыстардың отарлау саясаты да біраз зардабын тигізді. Орыс ғалымдары қазақ жерінде біршама ғылыми-зерттеу жұмыстарын құпия жүргізді. Олардың негізгі көздегені байлық еді. Қаншама баға жетпес қымбат аса құнды жәдігерлеріміз Эрмитажға жасырын жөнелтілді.

Біздің Қызылорда облысының табиғаты негізінен шөлейтті аймаққа жатады. Бізде тек Шиелі ауданы, Еңбекші ауылынан шығысқа қарай 50 шақырым жерде орын тепкен карт Қаратаудың соңғы сілемдерінде «Сауыскандық» шатқалында петроглифтер бар. Бұл жердегі петроглиф жазбаларының аумағы 500 гектарды құрайды. Ғалымдар мұнда 8-10 мыңға жуық тастағы жазба мен бейне кездесетінін айтады. Былтыр «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында Жалағаш ауданының аумағындағы тізімге алынғаны бар, алынбағаны бар бірталай тарихи орындарды араладық. Соның ішінде Жаңадария өзенінің бойындағы Сәтбай кесенесі мен «Қызылқұмдағы» Қабылтан (Қантай ана) кесенелеріндегі суреттер ерекше назар аударғты.

«Қызылқұмның» перзенті, ақын Қ.Адиістің «Мен туған жерде Өркеш те, өркеш таулар жоқ, Шыңдарын мәңгі жапқан қар» деп жырлағанындай, біздің өлкеде тау-тастар болмаса да, бұрынғы өткен бабаларымыз сол замандағы тұрмыс-тіршілігін өздері мәңгілік тыныс тапқан кесенелердің ішіне бейнелеп қалдырған екен.

Солардың бірі – «Сәтбай» кесенесі XVIII-XIX ғасырларда Жаңадария ауылынан онтүстік-батысқа қарай 80 шақырымда орналасқан. Кесене Сыр бойы қазақтарының ұйтам үлгісі бойынша салынып, көлемі 25х25х6 см, ортағасырлық күйдірілген қыштардан тұрғызылған. Іргетасы мен табаны да сол кірпіштен қаланған. Кесене портал салу арқылы ерекшеленеді. Сыртқы көлемі 8,20х8 метр, жалпы биіктігі – 5,70 метр. Порталдың биіктігі 4,50 метр. Төрт бұрышына 4 мұнара тұрғызылған. Өрқайсысының биіктігі 3,60 метрден. Кесене көлемі 6,10х6 метр бір бөлмелі, төбесі күмбез болып келеді.

Бұл кесененің тағы бір ерекшелігі, іші киіз үйдің жабылталуына ұқсатып безендірілген және безендіру үшін архитектуралық тығыз байланысты монументальді живописьтің бір түрі қабырғаға салынған немесе сызылған «сграффито» суреттер техникасы пайдаланылған. Қабырғаларға сол кездегі қазақтардың көшін бейне-

лейтін суреттердің фрагменттері панорама үлгісінде майлы бояумен салынған. Суреттерде қой, жылқы айдалып, жүк артылған түйелер, сәйгүлік ат жетектеген атсейістер мен шабандоздар, қыз-келіншектер мен жігіттер көрінеді. Табиғат көріністері, киік, қасқыр, т.б. жабайы аңдардың суреттері тұтас композицияда панорамаға енген. Суреттер толық сақталмаған, көп жерлері өшіріліп, түсіп қалған. Қабырғалардың кейбір жерлерінде қызыл және көк түстермен салынған ою-өрнектердің фрагменттері де ұшырасады. Ол бояулардың қалай дайындалғаны, құрамына не қосылғаны әзірге бізге беймәлім.

Екіншісі – «Қабылтам» кесенесі, 1826 жыл. Аққыр ауылынан солтүстік батысқа қарай 22 шақырымда орналасқан. Кесене қамқасектен қаланған, порталды-күмбезді құрылыс. Ішкі-сыртқы беті қалың етіп сабан сылақпен сыланған. Жалпы формасы квадратты, 7,8х9 метр. Жалпы биіктігі – 7 метр. Жебе тәрізді етіп қаланған қуыстың ішінде орналасқан кесене есігі бар портал (пештақ) онтүстік-батыс жаққа қаратылған. Биіктігі – 3 метр. Қабырғасының қалыңдығы – 1,5 метр. Кесененің интерьері суреттермен, ұлттық ою-өрнектермен безендірілген. Ішінде бір қабірдің орны жатыр.

Құрылыс көлемі, шамамен 497,7 текше метр. Қазіргі уақытта күмбез мен қабырғалары шатынап, жарылған. Порталының жартысы құлап қалған. Бұл кесененің де ішкі қабырғалары қазақы ою-өрнекпен безендірілген. Қазақтың этнографиялық өмірін тұтастай суреттеген десек те болады. Атап айтқанда, құмыралар, түйелер, жылқылар сонымен қатар жолбарыс пен пілдің суреті де салынған. Өкінішке қарай кесененің күмбезі жартылай опырылып ішке құлаған. Қабырғасы жарты метрге дейін жарылған. Енді бес-алты жылда түгел құлап, жермен-жексен болудың алдында тұр.

Қорытындылай келе ойға түйгеніміз, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі кең-байтақ даласымен үндестік тауып, ой-өрісінің дамығанын көрсетеді. Ою-өрнектің қай түрі болса да, ол – адам ойының жемісі. Бейнелеу өнерінде қазақтың өзіндік стилі қалыптасқан. Әдемі сурет пен ою-өрнек өз шеберін тапса, көзге қуаныш, көңілге жылылық, айналаға әсемдік сыйлайды. Біздің ата-бабаларымыз осындай өнер түрін шебер меңгерген. Қазақ халқы, яғни түркі бабаларымыз сонау ерте замандарда тасқа қашап жазу-сызу (Орхон-Енисей жазба ескерткіштері) және бейнелеу өнерін, сактар дәуірінде алтын өндіруді, аң стиліндегі монументті (таутеке, бұғы, марал, қасқыр, қабан, барыс, т.б.) бұйымдар жасауды асқан шеберлікпен меңгерді. Кейіннен тұрмыстық бұйымдарға (кебеже, сандық, текемет, киіз үй, киім-кешек, шымылдық, ыдыс-аяқтар, қару-жарақ, ат әбзелдері, т.б.) ою-өрнек салған.

Ою-өрнек дегеніміз – есеп, геометрия, дәлдік, тепе-теңдік, үйлесім, жарасым, сәндік, сұлулық. Сол ою-өрнек (Қошқар мүйіз, арқар мүйіз, гул, т.б.) арқылы әсемдікті, сұлулықты, гуманизмді насихаттаған. Сұлулықты сүйген халықтың да жүрегі нәзік, көңілі таза, мейірімді, болып бейбітшілікті аңсаған. Бүгінде әлемдік мәдениеттер тоғысып, жаһандану үдерісі жүріп жатқан заманда ұрпақтан ұрпаққа әкенің қанымен, ананың ақ сүтімен беріліп келе жатқан осы қасиеттерді сақтап, тектілігімізді жоғалтпау – біз үшін үлкен сын. Осындай мәдени мұраларымызды көздің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа аманаттап табыстау әрбір азаматтың парызы деп санаймыз.

**Арыстанбек БАЙҚАБЫЛОВ,
Дін мәселелерін зерттеу орталығы Жалағаш аудандық бөлімінің меңгерушісі**

ДҰРЫС ИНВЕСТИЦИЯЛАР: сізге қалай қосымша табыс табуға болады?



FinGramota
Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру

Пассивті кіріске әртүрлі қаржы құралдарының көмегімен қол жеткізуге болады. Олар жайлы толығырақ, сондай-ақ инвесторлар үшін мүмкіндіктер мен тәуекелдер туралы [Fingramota.kz](https://fingramota.kz)-тің Instagram-аккаунтындағы тікелей эфир барысында «Сентрас Секьюритиз» АҚ Аналитика департаментінің директоры Маржан Меланич айтып берді.

Қазақстанда KCSД есепке алу жүйесінде (Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі) тіркелген инвесторлардың қосалқы шоттарының саны артып келеді. Осылайша, бірінші жартыжылдықта олардың саны 367,6 мыңнан асты, бұл ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тіркелген көрсеткіштерден 64%-ға артық. Бұл ретте жас бөлшек инвесторлардың үлесі әлі де өсіп келеді. 2022 жылдың алғашқы алты айы ішінде 18 жас 24 жас аралығындағы брокерлік шот иелерінің үлесі көрсеткіштен 70 мың адамға асып түсіп, үш есе өсті. Аумақтық көпбасшылық Алматы қаласының үлесінде (22%). Содан кейін қосалқы шоттарды ұстаушы жеке тұлғалардың көп бөлігі Астана қаласы (10%) мен Түркістан облысының (9%) үлесіне тиеді.

Қор биржасындағы инвестицияларға деген мұндай қызығушылықты қазақстандықтардың қаржылық сауаттылығының өсуімен және пассивті кіріс көздерін құруға, яғни сіздің жа-сыңызға, денсаулығыңызға және жұмыс қабілетіңізге қарамастан сізге тұрақты түрде түсіп отыратын ақша көзін табуға деген талпынысымен түсіндіруге болады.

Қандай инвестициялық құралдар бар?

Әдетте, инвестициялар – пайда табу мақсатында ақша салу. Олар пассивті кіріске қол жеткізу мүмкіндігін береді және сіздің қатысуыңызды аса қажет етпейді, яғни ақшаны бір рет саласың және тұрақты түрде табыс тауып отырасың. Сондай-ақ, табыс көзі жоғалған және басқа да форс-мажор жағдайлары туындаған уақытта пассивті кіріс өзіңше бір қаржылық қауіпсіздік жастықшасы болып табылады.

Инвестициялар үшін қор нарығының түрлі құралдарын пайдалануға болады. Мысалы, акциялар, облигациялар және т.б. Олардың құны оларды шығарған компанияға, оның қаржылық көрсеткіштеріне және т.б. тікелей байланысты болады. Бағалы қағаздарға инвестиция салу арқылы жақсы табыс тауып қана қоймай, сонымен бірге өзіңіздің салған ақшаңызды жоғалттып алуға да болады. Бірақ қаржы құралы қаншалықты көп табыс әкелсе, ақшалай қаражатты жоғалттып алу ықтималдығының да соғұрлым жоғары болатынын есте сақтау керек.

Анықтама үшін:
Акциялар – бұл компания капиталының бір бөлігі, яғни бағалы қағаздың осы түрін сатып алу арқылы сіз іс жүзінде осы компанияның иесіне айналасыз. Мысал келтірейік.

Мысалы, жақында Kaspi Bank 2021 жыл үшін өз акциялары бойынша төлемдер жасады, онда бір бағалы қағаз үшін кіріс 2900 теңгені құрады. 2021 жылғы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері 876,74 теңгені құрады. «ҚазТрансОйл» 2021 жылдың қорытындылары бойынша дивидендтерге 10 млрд теңге, яғни 2021 жылғы таза пайда көлемінің 20%-ын жұмсады (салыстыру үшін: 2020 жылдың қорытындылары бойынша пайданың 91%-ы дивидендтерге кетті). Нәтижесінде 2021 жылдың қорытындылары бойынша дивиденд мөлшері 26 теңгені құрап, алдыңғы дивидендтік кезеңнің мәнмен салыстырғанда бес еседен артық азайды. KEGOC компаниясында 2021 жылдың екі жартыжылдығының қорытындылары бойынша дивиденд мөлшері 135,57 теңгені құрады. Дивидендтер бойынша жағдайдың компания басшылығының шешіміне және оның ішіндегі, сондай-ақ сыртқы нарықтардағы жағдайға байланысты жыл сайын өзгеруі мүмкін екенін атап өтеміз.

Облигациялар – бұл инвестор өз ақшасын сатушыларға қарызға беретін, оның орнына сыйақы түрінде пайыздар алатын бағалы қағаздар. Бұл ретте ол сыйақыны шарт бойынша көрсетілген мерзімде, мысалы, жарты жылда бір рет алады. Облигациялардың көмегімен компаниялар банктерден зана емес, сонымен қатар белгілі бір шарттармен көптеген инвес-

торларға өздерінің қарыз қағаздарын ұсына отырып, нарықта да ақша ала алады.

Қазақстандық компаниялардың облигациялары бойынша кірістілік жылдық 11%-ға дейін жетуі мүмкін. Мысалы, қазақстандық банктердің бірі 2021 жылы өз облигацияларының бір шығарылымы бойынша жақында 703 803 850 теңге мөлшерінде сыйақы төледі, ал басқа банк өзінің 10 жылдық облигациялары бойынша 19 млрд теңге төлеуге міндеттенетінін хабарлады. Немесе, мысалы, ҚР Қаржы министрлігі 2021 жылғы ақпанда 238,5 млрд теңгеге қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарды (МБК) орналастырды. Барлығы 15 МБК орналастырылды, өтеу мерзімі 1 жылдан 13 жылға дейін. Олар бойынша орташа алынған кірістілік жылдық 8,99%-дан 10,12%-ға дейін болды.

ИПҚ дегеніміз не?

Құны басқа негізгі активтерге байланысты болатын құралдар болады. Мысалы, оларға құны кіретін акциялардың, облигациялардың және басқа да бағалы қағаздардың бағасына байланысты болатын ИПҚ-ны (өзара инвестициялық қорлар) жатқызуға болады. ИПҚ – бұл инвесторлардың – жеке және заңды тұлғалардың ақшасын қор пайларын сатып алу және оларды әртүрлі қаржы құралдарына одан әрі инвестициялау жолымен жинақтауға арналған қор. Инвестициялық қордың пайын сатып алу инвестордың ИПҚ сенімгерлік басқару шартына қосылуын білдіреді және оның иесінің қор мүлкіндегі үлеске құқығын растайды.

Пай қоры бағалы қағаздардың қандай да бір пакетін (немесе портфельін) сатып алу үшін инвесторлардың ақшасын тартуы мүмкін. Бағалы қағаздар портфелі немесе пайлар облигациялардан, акциялардан және басқа да бағалы қағаздардан тұруы мүмкін. Тиісінше, пайдың құны оған кіретін қағаздардың бағасына байланысты болады. Пайдың артықшылығы оның қағаздарының бір бөлігінің бағасы төмендеген кезде де, қалған қағаздар, керісінше, өсуі мүмкін және, тиісінше, орташа нәтиже оң болуы мүмкін, бұл тәуекелдерді әртарапандыруға мүмкіндік береді. Сондықтан инвесторлардың осы қаржы құралына қызығушылығы артуға, өйткені ИПҚ-ның басқарушы компаниялары Қазақстанда олармен жұмыс істеу бойынша айтарлықтай тәжірибе жинақтады. Осылайша, инвесторлар қорды басқаруды сарапшыларға табыстап, оның қызметіне тікелей қатыспайды.

Сондай-ақ ИПҚ-ға кіру шегі онша үлкен емес және мысалы, 50 мың теңгеден басталуы мүмкін. Егер ИПҚ-лар Қазақстан қор биржасында листингтелген, бұл инвесторларға қор нарығында сатып алуға және сатуға мүмкіндік береді. Бұл ретте пай құнының өсуінен алынған кіріске, егер мәміле KASE-де жасалған болса, табыс салығы салынбайды.

Қор нарығында жұмысты қалай бастау керек?

Егер адам өз ақшасын бағалы қағаздарға салуды шешсе, онда оған ең алдымен қаржы реттеушісінің қор нарығында қызметін жүзеге асыруға берген лицензиясы бар, брокерлік компанияға жүгінуі керек. Оның бар-жоғын ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің www.gov.kz сайтынан тексеруге болады.

Қаржы нарығындағы инвестициялар сомасына келетін болсақ, мұнда заңнамалық шектеулер жоқ. Брокерлік компанияның клиенті брокерге, сонымен қатар осы процестің басқа қатысушыларына – сіздің ақшаңызды өз шотында, қазақстандық немесе халықаралық қор биржасында және т.б. сақтайтын банкке комиссиялық алымдарды төлеуге кететін шығыстарды ескеруі тиіс. Сондықтан, салымдар сомасы неғұрлым көп болса, комиссиялық сыйақы төлеуге де, таза кірістің елеулі сомасын алуға да жететін кіріс алу ықтималдығы

жоғары болады. Мысалы, 10% мөлшерлемем 100 мың теңге салған кезде, кіріс 10 мың теңгені құрайды, ал 1 млн теңгеге инвестиция 100 мың теңге пайда әкелуі мүмкін.

Алайда, қор нарығындағы жағдай үнемі өзгеріп отыратынын және кірістілік деңгейіне әсер ететін көптеген факторлар бар екенін түсіну керек, мысалы, сіз қараған компанияның қаржылық көрсеткіштері, нарықтағы жағдай және т.б. Сондықтан, брокерлер әдетте бұл туралы клиенттерге алдын ала ескертеді және олардан қор нарығында ықтимал шығындар, акциялардың құлдырауы және т.б. болған жағдайда өздері көтере алатындай шығын мөлшерін анықтауды сұрайды.

Сондай-ақ, брокерлер арқылы қор нарығына салған ақшаңыздың сізге кем дегенде бір жыл қажет болмауы маңызды. Тәжірибе көрсеткендей, орта есеппен бұл – қор нарығында айтарлықтай нәтиже көру үшін қажетті уақыт кезеңі.

Брокерлік компаниямен шарт жасасу кезінде клиент өз ақшасын осы брокермен үлестес емес, яғни тәуелсіз банктің арнайы шотына аударатынын атап өтеміз. Сонымен қатар, брокер клиенттің ақшасын оның жеке бұйрығынсыз иелік етуге құқығы жоқ. Мысалы, тек клиент брокерге белгілі бір қаржы құралын сатып алу/сату үшін ақша салуға рұқсат бере алады.

Қауіпсіз қаржылық активтер дегеніміз не?

Қор нарығында бағалы қағаздарға инвестиция салу әсіресе сауатты көзқарас пен білім болмайтын жағдайда үлкен тәуекелдерге әкеп соқтыруы мүмкін.

Қаржы нарығындағы салымдардың сақталуын қамтамасыз ету үшін инвесторлар көп жағдайда құны тарихи түрде өсіп келе жатқан немесе экономикалық құлдырау немесе дағдарыс кезінде төмендемейтін қауіпсіз активтерді таңдайды. Сондықтан, мұндай активтерде инвесторлар тұрақсыздық кезінде ақшаны аз шығынмен немесе тіпті аз кіріспен ұстай алады.

Қауіпсіз активтердің тағы бір маңыздысы сипаттамасы – олардың тарихи расталған тұрақтылығы, өтімділігі, нарықтағы сұраныстың белгілі бір деңгейінің сақталуы. Сонымен қатар, болашақта бұл құрал басқа қаржы құралымен алмастырылмауы керек.

Қауіпсіз қаржы құралдарына кейбір елдердің, соның ішінде АҚШ, Жапония және Швейцарияның мемлекеттік облигацияларын жатқызуға болады. Бұл – халықаралық нарықта ақшаны қарызға алатын мемлекеттердің борыштық қағаздары. Тиісінше, инвесторлар оларды сатып алғанда, экономикасы мықты дамыған елдер ақшаны тиісті сыйақымен қайтарды деп үміттенеді.

Қорғаныс секторы деп аталатын акциялар неғұрлым қауіпсіз деп саналады. Оған кез келген жағдайға қарамастан тауарлары мен қызметтері сұранысқа ие компаниялардың бағалы қағаздары кіреді. Мысалы, азық-түлік, газ, электр энергиясы, бензин, дәрі-дәрмек және т.б.

Көптеген дағдарыстар кезінде өз құндылығының сақталуын көрсеткен тағы бір өтімді қаржы құралы – алтын.

Ақша жинау үшін жақсы құралдың бірі – депозит болып саналады. Бірақ оны таңдаған кезде инвесторлар, ең алдымен, пайыздық мөлшерлеме деңгейіне емес, қажет болған жағдайда барлық клиенттерге өз ақшаларын қайтаруға жеткілікті қаражаты бар банктің қаржылық тұрақтылығына, оның өтімділігінің мөлшеріне назар аударуы керек. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры 2022 жылғы тамызға жинақ салымдарының барлық түрі бойынша ең жоғары мөлшерлемелерді ұлғайтты. Олардың мөлшері енді мынадай болады:

- толықтырылмайтын депозиттер бойынша: 12,5% – 24 айға, 15,2% – 12 айға, 15,5% – 6 айға және 15% – 3 айға;

- толықтырылатын депозиттер бойынша: 11,7% – 24 айға, 14% – 12 айға, 15% – 6 айға және 14,5% – 3 айға.

Теңдегі депозиттердің басқа түрлері бойынша ең жоғары мөлшерлемелер өзгеріссіз қалды: олар жылдық 9,2%-14% аралығында.

Жинаған ақшаңызды қалай сақтандыруға болады?

Инвестициялар үшін басқа қызықты қаржы құралы – өмірді жинақтаушы сақтандыру. Оны сондай-ақ, әдетте жылдық 3-5%

мөлшеріндегі шағын пассивті кіріс көзіне жатқызуға болады. Бұл жерде депозиттен басты айырмашылығы, ақшаңызды жинай отырып, өміріңіз бен денсаулығыңызды сақтандыра аласыз. Яғни, сақтандыру шартына сәйкес, адам денсаулығына айтарлықтай зиян келтірілгенде немесе ол қайтыс болған жағдайда, сақтандыру сомасы төленеді. Сол үшін де, барлық ықтимал тәуекелдерді ескеріп, негізгі асыраушысынан айырылған отбасын материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін мұндай шартты жасаған жөн.

Сақтандыру шарты, әдеттегідей, ұзақ мерзімге – орташа алғанда 10 жылға жасалатындықтан, бұл уақыт өткеннен кейін клиент өзі жинаған соманы және сыйақыны алады. Сол арқылы, сіз белгілі бір оқиғаға, мысалы, үйлену тойына қажет соманы жинауыңызға, оған қоса денсаулығыңыз бен өміріңізге байланысты қолайсыз жағдайлардан сақтандыру арқылы қорғау мүмкіндігін пайдалануыңызға болады. Бастысы, бұл салымдар декларацияланбайды және тәркілеуге жатпайды.

Мысалы, қазақстандық сақтандыру компанияларының бірі валютада 3,41% мөлшерлемесімен бонустар төлететін өмірді және денсаулықты сақтандыру қызметін ұсынады. Сақтандыру сыйлықақысы 50 мың доллар болса, 10 жылдан кейін сіздің кірісіңіз 18 887 АҚШ доллары болмақ, сондай-ақ бүкіл жер шарында сақтандыру мүмкіндігін пайдалана аласыз. Басқа отандық сақтандыру компаниясы да бірден бірнеше өнімді, оның ішінде баланың кемелетке толғанауы дейін оның біліміне 4% дейінгі мөлшерде кепілдік берілген кіріс бар жинақтау үшін ұсынады. Сақтандыру жарнасын ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет, жылна бір рет немесе бір жылғы етіп төлеуге болады. Қазір нарықта мемлекеттік лицензиясы бар өмірді сақтандыру бойынша бірнеше компания жұмыс істейді. Өнімді таңдамас бұрын, тым болмағанда бірнеше компаниядағы қолайлы нұсқалармен және талаптармен танысып, өзіңізге ең тиімді нұсқасын таңдаған жөн.

Маңызды!

Ең жақсы инвестиция – бұл білімге инвестиция салу. Мемлекет басшысы 2022 жылғы 12 шілдеде қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына сәйкес өмірді сақтандыру жөніндегі компаниялар мемлекеттен жыл сайынғы сыйлықақы көзделетін Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне (МББЖ) қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Сақтандыру компаниялары ұсынатын АҚҰЛ білім беру депозитінен айырмашылығы – өнім сақтандыру қорғанышын қамтиды. Бұл клиент қайтыс болған немесе оған I немесе II топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыру компаниясының бәрібір білім алуға толық соманы төлейтінін білдіреді. Бұдан басқа, сақтандыру өнімінің ерекше сипаты – оның кепілдік беру сомасына қатысты шектеуінің болмауы, өйткені Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру АҚҰЛ-ге ең жоғары сома 10 млн теңгеге кепілдік береді. Сақтандыру өнімін сатып алу арқылы клиент өмірді сақтандыру компаниясы ұсынатын табыстылыққа, мемлекеттен берілетін сыйлықақыға (5% немесе 7%), сондай-ақ өнім компанияның пайдасына қатысу опциясын көздейтін жағдайда сақтандыру дивидендтеріне қол жеткізуі мүмкін. Сондай-ақ жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша жарналарға салық салынбайтынын ескерген жөн.

Осылайша, баланың білім алуына инвестиция салу кезінде ата-анада оқуға ақша жинақтаудың сақтандыру өтемі болатын әрі жинақтары сақталатын баламамен мүмкіндігі пайда болды.

Инвестордың кіріс деңгейі өзі әлдебір қаржы құралын таңдауына, сондай-ақ оның тәуекелге дайын болуына, салымдарының мақсаттарына байланысты. Сонымен, егер міндеттіңіз ақшаны жай ғана жинап, сақтау болса, онда тәуекелдігі төмендеу құралдар таңдалады, бірақ олардың пайдасының деңгейі әдетте, жоғары болмайды және керісінше. Кез келген жағдайда қаржы нарығында алаяқтардан басқа ешкім де әлдебір кірістілікке кепілдік бермейді. Сол үшін де пассивті кіріс түсіп тұруы үшін, қаржы құралын таңдаған кезде мұқият әрі абай болған жөн.

Fingramota.kz-пен бірге қаржылық сауаттылығыңызды арттырыңыз!

Бүгінде облыстық ардагерлер кеңесі аймағымыздағы жалпыұлттық идея рухында патриоттық және адамгершілік тәрбиелеу, қарт адамдардың әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың лайықты әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ету бағыттарындағы жұмыстарға өз үлесін қосуда. Осы орайда, қаламызда «Қазақтың даналық, ғибратты сөздері» атты шежірелі ардагерлердің облыстық байқауы өтті.

Ардагерлер арасындағы сайыс

Байқауға Қызылорда, Байқоңыр қаласы және барлық жеті ауданнан іріктелген мықтылар қатысып, жарыс көрігін қыздырды. Ал оларға ақын Махмұтбай Әміресев, Қазақстан Жазушылар одағы мүшесі Шахизада Әбдікәрімов, айтыскер ақын, Қазақстан республикасының өнер қайраткері Серік Ыдырысов қазылық етті.

Байқау нәтижесі бойынша жүзден жүйірлік шыққан Жалағаш ауданының өкілі, 83 жастағы Бәйділла Сәрсенов I орынды қанжығасына байлады. Келесі жүлделі орынды Байқоңыр қала-

сынан келген еңбек ардагері Дәрікұл Махамбетов иеленсе, қызылордалық Қазынагул Өзденбаева III орынды қанағат тұтты. Жүлдегерлерге диплом мен қаржылай сыйлықтар тапсырылды. Сондай-ақ, белсенділік танытқан қатысушылар облыстық ардагерлер кеңесінің Алғыс хаты және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.

Кеш ұлттық өнердің аясын кеңейтіп, даналығын үлгі етер аға буын өкілдерінің өз өнерлерін ортаға салуымен аяқталды.

«СБ» ақпарат

Бақұл бол, ардақты аға



Осы жылдың 4 желтоқсанында медицина саласының ардагері, Мұстафа Шоқай қорының төрағасы, Шнелі ауданының құрметті азаматы Атабаев Базарбай Асанбайұлы өмірден озды.

Базарбай Асанбайұлы 1937 жылдың 10 қарашасында Қызылорда облысы Шнелі ауданының 1 Май ауылында дүниеге келген. 1958 жылы Қызылорда медицина училищесін тәмамдап, еңбек жолын фельдшер болып бастаған. 1967 жылы Алматы Медицина институтының педиатрия факультетін бітірген. 1967-2000 жылдары Қызылорда қалалық балалар емханасында балалар хирургі, облыстық денсаулық сақтау саласының штаттан тыс балалар бас хирургі, Шнелі аудандық емдеу жөніндегі орынбасары, облыстық жұпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері қызметін абыройлы атқарды. Құрметті зейнет демалысына шықса да, 2020 жылға дейін осы ауруханада ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінің

статист дәрігері болып қызметін жалғастырды.

Ардагер ағамыз халықтың денсаулығын сақтау саласында кадрлармен, медициналық құралдармен қамтамасыз етуде зор үлес қосты. Ұйымдастыру-әдістемелік бөлімді басқарған кезде облыстың емдеу мекемелерінде озық тәжірибе мектебін ұйымдастырды. «Ғылыми еңбектер жинағы» және «Облыстағы жұқпалы ауруларға қарсы күрес жұмыстарының тарихы» туралы кітап шығарып, 30-дан астам ғылыми еңбекті облыстық, республикалық және Одақтық ғылыми газет-журналдарда басылып шықты.

Базарбай Асанбайұлы медицина саласында атқарған еңбегі ескерусіз қалмай, «Еңбек ардагері», «Халықтар достығы» орденімен, «ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Алтын дәрігер» белгісімен марапатталып, «Тыл ардагері» мәртебесіне ие болды.

Қоғамнан көл үзбей 1992 жылы Мұстафа Шоқай қорын ұйымдастырып, 1999 жылы ҚР Ғылым Академиясында атқарған жұмыстары тыңдалып, Әлеуметтік Ғылымдар академиясының «Құрметті академик» атағы берілді. Мұстафа Шоқайды ақтап алу жұмыстарын зерттей жүріп, көптеген мақаласы ақпарат беттерінде жарияланып, екі кітабы көпшілік қауымға ұсынылды. Француздың Ножан – Сюр-Марн қаласына Мұстафаңың ескерткішін орнатуда зор еңбек сіңірді.

Базарбай Асанбайұлының жарқын бейнесі мен медицина саласына сіңірген өлшеусіз еңбегі жалғамызда мәңгілік сақталды.

Қызылорда облыстық жұпалы аурулар ауруханасы ұжымы

Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің назарына!

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялаудың екінші кезеңі басталды, ол мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, сондай-ақ олардың жұбайларына қатысты болады. Бастапқы декларацияда Қазақстаннан тыс жерлердегі мүлік пен активтерден басқа заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі, инвестициялық алтын, бағалы қағаздар және т.б. көрсетіледі. Сондай-ақ, қолма-қол ақша көрсетіледі, онда АЕК мөлшерінің 10 000 еселенген шегінен аспайтын сома көрсетіледі (2023 жылға – 34 500 000 теңге). Бұл ретте заңнамада 10 000 АЕК-тен астам қолма-қол ақшаны сақтауға тыйым салу көзделмеген. Азаматтар ақшаны сақтау мәселелерін: қолма-қол немесе электронды нысанда, сондай-ақ олардың сомасын дербес шешуге құқылы. Декларацияны ұсыну үшін екі мерзім көзделген: қағаз жеткізгіште – 15 шілдеден кешіктірмей және электрондық түрде – 15 қыркүйектен кешіктірмей. Декларацияны cabinet.salyk.kz – «салық төлеуші кабинеті», egov.kz – «электрондық үкімет» порталдары, сондай-ақ «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасы арқылы тапсыруға болады. Егер Сізге қағаз тасығышта ыңғайлы болса, онда мемлекеттік кірістер органдарына жеке келу немесе оны пошта арқылы тапсырыс хатпен жіберу қажет.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті

Хабарландыру

«Қызылорда облыстық футбол федерациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің кезектен тыс конференциясы 2023 жылдың 7 қаңтарында сағат 11.00-де Қызылорда қаласы, «Номад палас» кешенінің конференция залында өткізілетінін хабарлайды.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Аманат» партиясы облыстық филиалы, облыстық ардагерлер және қоғамдық кеңес Атабаевтар әулетіне көрнекті дәрігер, медицина саласының ардагері

Базарбай Асанбайұлының

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, облыстық медицина саласының ардагерлер кеңесі, «Денсаулық» қоғамдық бірлестігі және «Senim» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ-ның Қызылорда облыстық филиалының ұжымы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері, медицина саласының ардагері, Мұстафа Шоқай қорының төрағасы

Атабаев Базарбай Асанбайұлының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, облыстық медицина саласының ардагерлер кеңесі, «Денсаулық» қоғамдық бірлестігі және «Senim» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ-ның Қызылорда облыстық филиалының ұжымы медицина саласының ардагері

Жұмағұлов Сахи Жұмағұлұлының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



«Достық үйінде» облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Алмасбек Есмахановтың қатысуымен татар этномәдени бірлестігінің 30 жылдық мерекесі аталып өтті. Мерекелік іс-шараға облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелері, Татарстан Республикасынан арнайы шақырылған қонақтар, бірлестік ардагерлері мен жастар қатысты.

Түбі туыс татар бауырлар



Татар этномәдени бірлестігі 1991 жылы 27 қантарда құрылды. Тәуелсіздікпен бірге жасап келе жатқан орталық еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосты. Айта кетейік, бүгінде Қазақстанда 300 мыңға жуық татар этносы өмір сүреді. Ал Сыр өңірінде туыстас халықтың 1500 өкілі бар.

Этномәдени бірлестікке 20 жыл көлемінде жетекшілік етіп жүрген Ғалия Ғизатуллақызы барша қатысушылар мен қонақтарға жүрекжарды лебізін білдірді. Лед экраннан бірлестіктің алғашқы төрайымы Нағима Ахмадеева туралы бейнеролик көрсетіліп, №112 орта мектептің директоры мен мұғалімдеріне «Н.Ахмадееваға 100 жыл» медалі табысталды.

Мұнан соң бірлестіктің қалай құрылғаны жайлы көрініс қойылды. Оған бірлестіктің бүлдіршіндері мен жастар белсенді қатысты.

Іс-шара барысында Дүниежүзілік татарлар конгресі Ұлттық кеңесінің мүшесі, Татарстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері Альберт Бурханов, Татарстан Республикасының Қазақстандағы Өкілетті өкілдігі басшысының кө-

мекшісі Аяна Акинжанова, ҚХА төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары, «Қазақстандық татар және башқұрт конгресі» республикалық қоғамдық ұйымының төрағасы Тауфик Кәрімов, республиканың әр өңірінен келген этномәдени бірлестіктердің жетекшілері сөз сөйлеп, мерейтоймен құттықтады. Татар этномәдени бірлестігінің жетекшісі және бірлестіктің белсенді мүшелеріне қоғамдық келісім мен татулықты берік ету жолындағы елеулі еңбегі үшін ризашылық білдірді.

Мерекелік кеш аясында шетелде білім алып жүрген жастардың құттықтау бейнероликтері де көрсетілді. Сондай-ақ, Қазан қаласынан келген қонақтар арнайы концерттік бағдарламасын ұсынды. Татар халқының ұлттық биі мен әндері орындалып, Сыр өнерпаздары да өз өнерлерін ортаға салды.

Салтанатты мерекеле бірлестіктің белсенді мүшелері облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапатталып, 30 жылдыққа арнайы әзірленген естелік сыйлықтар алды.

«СБ» ақпарат

ТӘРБИЕ ТІНІ



Қазақ «Заманына қарай адамы» десе, ғұлама Абай «Адамды заман билемек, заманға адам күйлемек» деп ауыр ойды ашы мысықпен жеткізген еді. Бұл сөздің астарына үйілсек, заман қалай құбылса, соның ығына есіп, ыңғайына көне бермей, өмірлік маңызы бар кейбір құндылықтар үшін табандылық танытудың қажет екенін алға тартады. Ал енді өмірлік маңызы бар құндылық дегеніміз – ұлы дала ұлағаты, тарих тағылымы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық ұстын, бір сөзбен айтқанда, ел мен жердің тұтастығын құрайтын рухани, мәдени құндылықтар. Енді бұл құндылықтарды қалай қорғаймыз және сақтап қаламыз?

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Басқа ұлтты білмедім, ал қазақ халқы «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» деп, шаңырақтағы ата-ананы (немесе-шөбере үшін ата-әже) айрықша құрмет тұтады. Әсіресе, бала тәрбиесінде ата-әженің ықпалы белек болған. Өйткені өмірдің мектебінен өткен, ұлттық әдепті әбден бойына сіңірген қарт кісілер қашан да сөйлеген сөзімен, киген киімімен, жүріс-тұрысымен-ақ үлгі ғой. Айтпағымыз, ата-әженің бар жақсы қасиетін бойына сіңірген бала отбасының, ағайын-туыстың қадірін біліп, оның алдындағы өзінің жауапкершілігін сезініп өседі.

Шаңырақтың төрінде ата мен әже отырған жерде артық-ауыз әңгіме айтылмайды. Шектен шығып бара жатса, «тәйт» деп бір ауыз сөзбен тыйып тастап отыратын. Осы бір ауыз сөздің төркінін түсінген бала екінші рет ол қателігін қайталамайды. Әрине, баланың жеке қызығушылығы болады, ата-ана да онымен санасуы керек. Мысалы, өнерге, шығармашылыққа, спортқа немесе қол еңбегіне бейімді бар баланы сол бағытта қосымша тәрбиелеудің тиімділігі зор. Дегенмен жеке қызығушылығы дегенді желеу етіп, баланың бар айтқанын екі ет-

пей орындау мүлде дұрыс емес. Баланың аты – бала. Жалт еткеннің бәріне қызығады. Солай екен деп оны отбасылық тәрбиеден тыс қалдыруға болмайды.

Бұл тақырыпты қозғап отырғанымыздың бір себебі, осы күні әдет-ғұрыпымызға, тіпті ұлтымызға жат небір келеңсіз әрекеттердің куәсі болып жүрміз. Оның ішінде бүгінде өзекті мәселеге айналып отырған қоғамдағы діни ұстанымның кереғарлығы. «Балаға мұның қатысы қанша?» деп ойлайтын шығарсыз? Алайда қатысы болуы әбден мүмкін. Өйткені әр баланың қолында ұялы телефон, әлем жаңалығы алақанда тұр. Жаңалық деп сыпайылап айттып отырмыз, оның ішінде небір қисынсыз ақпарат, келеңсіз көріністер бар. Әсіресе, имандылық тәрбиеге баулыған болып, өз насихатын жүргізетін жат ағымдар жасөспірімдердің санасын оп-оңай «жаулап» алады. Олар, ең алдымен баланы ата-анасына қарсы қояды. Ал өзін «дұрыс жолға түстім» деп ойлайтын бала ата-анасының әр сөзінен, іс-әрекетінен ілік іздеп отырады. Осылайша ата-дан балаға жалғасып жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың

ӘЖЕНІҢ ӘЛДИ БОЛМАСА...

бәріне қарсы шығады. Әкенің қабағынан қаймықпайды, ананың жүрегін жаралайды. Оған дәлел жетіп-артылады. Мысалы, «намаз оқымайсың» деп анасының әзірлеген асынан бас тартқан сұмдықты да естіп жатырмыз. Сонда ол бала өзін өмірге әкелген ананың ақ сүтін қалай ақтаймын деп ойлайды? Айта берсек, тойда келіннің бетін ашу да, жеті күлше таратып, аруаққа Құран бағыштау да «күнә», басқасын былай қойғанда, ұлттық аспабымыз – домбыраны тартудың өзін айып көретін «ағайын» бар. Осы күні қарттар үйін паналап отырған қаншама қарияларымыз осындай қатыгез ұрпақтың ата-анасы екенін жасырудың қажеті жоқ шығар...

Қазір үлкен-кіші, бала-шаға, бәрі әлеуметтік желіде отырады. Жакында осындай қат-қабат ақпараттар ішінде «Хэллоуин» мерекесі дегенді көзіміз шалды. Түп-төркіні үнді елінен шыққан бұл мерекенің мән-мағынасы адам қызығарлықтай емес. Islam.kz деректеріне назар салсақ, бұл мейрамның шығу тегі ертеде жатыр, яғни, өлілердің құдайын дәртіпейтін ертедегі пұтқа табынушылардан қалған дәстүр. Сондықтан бүгінгі адамдарға ертегі ұқсағанымен, «Хэллоуин» – жер бетіндегі жаман атаулының (жын, шайтан, албасты, вампир және т.б.) мейрамы. Бұл күні адамдар от жағып, өлім құдайын разы ету үшін құрбандықтар шалған. Көріп отырғанымыздай, бүкіл болмысында ізгілік тұнған қазақ халқы үшін бұл үлгі алатын мейрам емес.

Әйтсе де ақпаратта айтылғандай, Кореяда осы мерекені тойлау кезінде қаншама адам ажал құшқан. Қарапайым ғана сұрақ, осынша адам табан астында өмірмен қоштасатын болса, мұның несі мереке? Біле білсек, мереке дейтін көңіл көтеруге арналған өзіндік эстетикалық тартымдылығы бар іс-шара болмас па еді? Ал әлгі «Хэллоуин» олай емес, әлем-жәлем киініп алғандардың түрінен адам шошиды. Өкініштісі сол, мұны тойлаушылар біздің елімізде, тіпті өңірімізде де кездеседі.

Ойымызды қорыта келе айтпағымыз, қазіргі әжелер өз болмысына лайық па? Әрине, сауалымыз біртүрлі көрінуі мүмкін. Әйтсе де біз көрген әжелер мен бүгінгі әженің арасы жер мен көктей... Әже дегенде, ең алдымен, көз алдымызға келетін басындағы ақ жаулығы, ұзын етек көйлегі... Ал қазіргі әжелер басқаша. Әрине, заманына қарай киінген дұрыс шығар, бірақ әйел затының ар-намысындай көрінісін ақ жаулықтың қадіріне ештеңе жетпейді. Шынында, осынау ақ жаулығымыздың бағасына жете алмай жүргенімізде «қара жамылғандар» пайда болды. Ол өз алдына белек әңгіме...

Тағы да айтамыз, әлеуметтік желі деген бар, үлкен де, кіші де оған «тәуелді». Сондағы көріністерге зер салсақ, ақ сақалды атаның, ақ жаулықты әженің жастармен жарыса би билеп жүргені қызу талқыға түсіп жатыр. Бірі мұның еш әбестігі жоқ десе, бірі үлкен кісілердің жасына сай ұстамды болғаны дұрыс деп пікір білдірген. Иә, басқа ұлтты қайдам, бірақ қазақы қалыбымызға салса, ата-әженің салмақалы, пайымды, парасаты болғанын қалар едік. Бәз-баяғыша ұрпағының бойына ұлттық тәрбиенің нәрін сіңіріп, мәдениет пен өнердің, тарих пен тағылымның алтын тінін үзіп алмай, дәстүр құндылығымызды дарыта білсе екен дейміз. Ақиқаты да сол, кешегі мен бүгінгіні байланыстырып және оны ертенгі күнге жеткізу – ата-әжеге жүктелген қастерлі аманат. «Ел боламын десен, бесігінді түзел!» деген ұлы жазушы М.Әуезов. Біле білсек, осынау бір ауыз сөздің астарында орасан зор мағына жатыр. Қазіргі қазақ әдебиеті классиктерінің қай-қайсысының да естеліктерін оқысақ, ата тәлімін алып, әженің мейіріміне қанып өскенін аңғарамыз. Кемел ой, кесек-кесек туындылар сол тәрбиенің жемісі емес пе?!

Иә, әженің әлди болмаса, ұрпағы әркімнің жетегінде кетіп аласады. Біз бұған жол бермеуіміз қажет. Ұрпағымыздың тәрбиесін уыстан шығарып алмайық, ағайын!

Ширек финалға қай құрамалар шықты?



Катар жерінде өтіп жатқан футболдан Әлем чемпионатында плей-офф сатысындағы ойындар бүгін мәресіне жетеді. Қазірге дейін ширек финалға жолдама алған екі құрама қатарына тағы екеуі қосылды.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

1/8 финалдағы алғашқы кездесуде Нидерланд пен АҚШ құрамалары шеберлік байқасты. Екі құрама бұған дейін алты мәрте кездескен. Оның бесеуінде нидерландтық футболшылар жеңіске жетсе, біреуінде американдық құрама басым түсті.

Кездесу барысында нидерландтық футболшылар шабуылға көбірек шықты. Бірінші кезеңде олардың тарапынан гол соғатын бірнеше мүмкіндік болған еді. Осындай сәттердің бірінен Мемфис Депай 10-минутта есеп ашса, Дейли Блинд 46-минутта есепті еселеді. Екінші кезеңде америкалық Хаджи Раип есеп айырмасын қысқартты. Ал 81-минутта нидерландтық Дензел Думфрис мергендік танытты. Осылайша Нидерланд қарсыласынан 3:1 есебімен басым түсіп, ширек финалға жолдама алды.

Ал тағы бір ойында Аргентина

құрамасы Австралияның осал тұсын тапты. Қарсыластарынан 2:1 есебімен басым түсіп, жарысты жалғастыруға мүмкіндік алды.

Аргентина шабуылшысы Лионель Месси өз спорттық жолында Аустралиямен матчта мыңыншы рет жасыл алаңға шықты. Спорттық мансабының басым бөлігін Испанияның «Барселона» клубында өткізген ол атакты команда құрамында 778 кездесуде доп тепті. Лионель қазіргі клубы Францияның «ПСЖ» командасында 53 ойында алаңға шықты. Сонымен қатар ұлттық құраманың жейдесін 169 рет киіді.

2018 жылғы Әлем чемпионы Франция 1/8 финалда Польшамен шеберлік байқасты. Матчты француздар қарқынды бастаса, поляктар да қарап қалмады.

Ойынның 44-минутында Килиан Мбаппеден пас алған Оливье Жиру Польша қақпашысы Войцех Шенс-ныдан айласын асырып кетті. Бұл – оның Франция құрамасы сапындағы 52-ші, рекордтық голы еді. Екінші кезеңде 74-минутта француздар қарсы шабуылды сәтті ұйымдастырды. О.Жиру допты оң қапталдағы Усман Дембелеге жылжытты. У.Дембеле сол қанаттағы К.Мбаппені тапты. Мұны мүлтіксіз пайдаланған Килиан есепті 2:0-ге жеткізді. Сөйтіп ол Әлем чемпионатындағы сегізінші голын соқты. 91-минутта К.Мбаппе тоғыздықты дәл көздеді. 23 жастағы футболшы осы чемпионатта 5 голмен жеке-дара мергендер көшін бастады.

Матч соңында венесуэлалық Хесус Валенсуэла Франция қақпасына 11 метрлік айып добын белгіледі. Роберт Левандовскийдің тепкен добын әуелі У.Льорис қақшып алды. Бірақ төреші Р.Левандовскийге пенальтиді



қайта орындатты. Бұл жолы 99-минутта Польша капитаны мүлт кетпеді. Осылайша Франция қарсыласын 3:1 есебімен жеңіп, жарыстың 1/8 финалына жолдама алды.

Англия мен Сенегал кездесуі барысында құрамалар тезірек гол соғуға тырысқан еді. Десе де, бір-бірінің қақпасына жасалған шабуылдар аяқсыз қалып жатты. Осындай сәттердің бірінде англиялық Джор-

дан Хендерсон 38-минутта соққан гол өз құрамасын алға шығарды. Ойынның 48-минутында Гарри Кейн мергендік танытып, Тұманды Альбион елі құрамасының басымдығын арттырды. Ал 57-минутта Букайо Сака қорытынды есепті белгіледі. Осылайша Англия қарсыласынан 3:0 есебімен басым түсті.

Англия құрамасы әлемдік мұнда алда жеңімпаз болуды алдына мақсат етіп қойған жайы бар. Ағылшындар

мұндай жетістікке жалғыз рет – сонау 1966 жылы қол жеткізді. Чемпион атануға аталған құраманың барлық мүмкіндігі бар.

Жарыстың аталған сатысында 5 желтоқсанда Жапония мен Корея, Бразилия мен Оңтүстік Корея құрамалары кездесті. Ал 6 желтоқсанда Марокко мен Испания, Португалия мен Швейцария ¼ финал жолдамасын сарапқа салады.